# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№6 (905)

15.02.2019

alatau_offset@mail.ru

alatau.aqparat


МИНИСТР МІНБЕРІ

# ЛАШЫҒЫ ЖОҚ, ҮЙІ ЖОҚ,

**Жақында болған қайғылы оқиға қазақстандықтардың еңсесін түсіріп, жанын жаралы етті. Сондағы ой: «Бұл жағдай менің де басымнан өтуі мүмкін еді ғой» деген үрейден туған секемшілдік. Себебі де айқын, шекесі шылқып отырған ешкім жоқ. Баспанасыз қазақтың басым бөлігі сол бір өртке оранған лашықтай жерде тірлік кешіп отыр. Талайдың қабырғасын қайыстырып, кеудесін өксікке толтырған жан «жарасына» енді ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары кеп тұз септі. Өз жарасын өзі жалап емдеп үйренген бөрі текті қазақтың шамына тиді. Сондағы қылған амалы, қазақстандықтарға лашықта тұруға тыйым салатын жаңа заң жобасын үкімет қарауына енгізуді ұсынды.**



# ҚАЗАҚ ҚАЙТІП КҮН КӨРЕР?

Бұл туралы ҚР ІІМ орынбасары Юрий Ильин үкіметтің кезекті баспасөз мәслихатының бірінде мәлім етті. «Біз республика бойынша сараптама жасаймыз, сосын лашықты пайдалануға тыйым салу үшін заң жобасын үкіметке ұсынамыз», – дейді шенеунік. Бес баланың қазасынан кейін халықтың тұрмыстық қауіпсіздігін осындай амалмен арттырамыз деп түсінсе керек. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?» демекші, басынан баспана артылып, қалтасынан қара бақыр төгіліп жүрсе, лашықта күн көріп несі бар? Қайбір жетіскеннің амалы дерсіз, жалдамалы пәтерден «времянканың» бағасы әлдеқайда төмен. Бағасына сәйкес, тұрмыс кешуге қолайлылық шарттары да орындалмаған. Мұндай лашықтардың көбі қала сыртында орналасады. Тиісінше, мектептен де жырақ. Қаршадайынан қарашаның тұрмысына бой үйреткен бала да амалсыздан көндігеді. Тіпті, не күлеріңізді, не жыларыңызды білмей дал боласыз. Дамушы елде отырып, қонжығынан айырылған аюдайын аңырап қалған ананың, ішіне өксік толтырып қайғыдан қан жұтқан бір отбасының жағдайынан соң халықты енді шарасыздыққа итермелеп отырған министрліктің әрекетіне не дей аласыз?

«Білсеңіздер, бұрын жемқорлық туралы мәселелер пайда болатын. Ол жер инспекциясы, сәулет мәселесі, газ, төтенше жағдайлар өкілдерінен рұқсат керек еді. Біз оларды азайтқанбыз. Енді міне, нәтижесін көріп отырмыз. Жосықсыз құрылысшылар уақытша лашықтар соғады, сосын оларды адамдарға тұруға өткізеді», – деп тағы қосты бір сөзінде. Алайда, шенеуніктің бұл ойы қоғамда наразылық туғыза бас-тады. Себебі, мұндай заң күшіне енсе, қараша үйді қанағат етіп, «сарайларды» сағалап жүрген қазақтың барар жері, басар тауы қалмайды. Баспана салу үшін бірнеше мемлекеттік мекемелердің алдынан өту мәселесінде «Бармақ басты, көз қысты» әрекеттерді жою мақсатында рұқсат беруші органдардың талабын азайтқан еді. Алайда, түйткілді мәселенің себебін анықтап, қайғылы жағдайдың қайталанбау жолдарын қарастырудың орнына салдарын кінәлі етіп, оқиғаны одан әрі ушықтырып жіберетін билік өкілдері де бар арамызда.

Жалғасы 7-бетте.

# «АЛАТАУЫМ» – АСҚАР ТАУЫМ



Кезінде ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы «Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты» деп бір-ақ кескен. Осы сөздің дәлелі болар – газет-журналдың орны әрқашан бір төбе.

Жер жәннаты Жетісудың БАҚ ішінде көш бастаушы үш газет айрықша айқындалады. Олар: «Жетісу», «Огни Алатау» және «Алатау» газеттері.

«Алатау» газеті – шындықты шырылдатып жазатын газеттердің бірі. Әрі Алматы облысының аудандары мен қалалары оқырмандарының ең сенімді серігі.

Ел аман, жұрт тыныш болса 2021 жылы сүйікті газетіміздің 20 жылдығын да тойлайтынымыз анық. Газет заман талабына сай. Дизайны түрлі түсті, өзгеріп, құбылып отырады.

«Бұл газеттен не оқуға болады?» деген сауалға жауап беретін болсақ, басылым елдің ішкі-сыртқы саясатын, әлеуметтік жағдайын, мәдениет, әдебиет, тарих және басқа да салаларынан хабардар етіп отырады. Газеттің ортаңғы екі беті бір ғана тақырыпқа арналған. Бұл тек «Ана тілі», «Қазақ үні», «Қала мен дала» т.б. газеттерде кездесетіндігін еске саламыз. Өз басым газетті алғашқы жылдарынан бері үзбей оқып келемін және ішіндегі материалдарын өз жұмысыма пайдаланамын.

«Алатау» газетінің редакциясында республикаға, Жетісуға аты шыққан қаламгерлер абыройлы қызмет атқарған: Тәкен Әліпбай, Мәулетхан Ақсан, Жомарт Игіман, Әли Ысқабай, әр жылдарда Тұрсын Әбдуәли, Болат Бисұлтанов, Кенжехан Рақыш, Жүкел Хамай т.б.

«Алатау» газетінің «шекпенінен шыққан», бүгінде БАҚ-тың әр саласында әрі мемлекеттік қызметте жүрген, болашақтарынан көп үміт күттіретін Ақбота Жиенқұлова, Думан Алтынбек, Еңлік Сағындықова, Меруерт Молдағалиева, Бағдагүл Ахметжанова, Айгерім Көппаева, Еңлік Қабдеш, т.б. сынды журналистерін атауға болады.

Бүгінге баспасөзге жазылуды жұртшылықтың қолдау-көмегінсіз жүргізу қиын. Сондықтан «Алатау» газетіне жазылу науқаны жыл бойы жалғасып жатқанын естеріңізге саламыз. Жетісудың саяси өмірінің қыр-сырына қанығып, ел ішіндегі жағдайды боямасыз білгіңіз келсе, газетке жазылуды ертеңге қалдырмаңыз, қадірменді оқырман! Қашанда халықтың қасынан табылатын басылым сіздің де рухани жан дүниеңізді байытады деп сенеміз.

**Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,**
**тарихшы, өлкетанушы.**

*Акцияның аяқталуына 34 күн қалды!*

# Жазыл да, ҰТЫП АЛ!



I орын
Смартфон Samsung
Galaxy A6



II орын
Шаңсорғыш
Bosch BGS05A220



III орын
Мультиварка
REDMOND RMC-M252



IV орын
Қысқатолқынды пеш
Elenberg MS-2011M



V орын
Блендер
Elenberg
HAT-9601E



VI орын
Миксер
Elenberg
SW-601

**Оқырмандар жүрегіне жол тапқан басылымды одан әрі насихаттау әрі көпшіліктің қызығушылығын тудыру мақсатында оқырмандарға арнап ұтыс ұйымдастырып отырмыз. Ұтыс ойынын «Қазпошта» АҚ-мен бірлесе отырып, наурыз айының соңында қорытындылайтын боламыз. Оқырмандар ақпан айынан бастап жазылса, газет келесі айдан бастап қолына тиеді.**

*Түбіртектің түпнұсқасын өзіңізде қалдырып, көшірмесін «Қазпошта» арқылы Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат мекенжайына жолдаңыз. Индекс: 040000. Немесе түбіртекті сканерден өткізіп, басылымның alatau_offset@mail.ru поштасына жіберуге болады. Сонымен қатар 87028817110 ұялы телефонына WhatsApp желісі арқылы жолдауға мүмкіндігіңіз бар. Қосымша ақпарат: 87714037399 нөмірінен ала аласыздар.*

***Ескерту:** ұтысқа тек 2019 жылы жазылғандар ғана қатыса алады.*

## АҢДАТПА


ҚАЛТАМЫЗДАҒЫ ҚАРЖЫ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҮНЕМДЕЛЕДІ? 4-бет

ЖӨРГЕКПҰЛҒА ҚАШАН ЖАРИМЫЗ? 5-бет

СОТТАР ЖҰМЫСЫНА БАҒА БЕРІЛДІ 7-бет

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# Төрлетіңіз, Тұрғымбаев мырза!


Қ. ҚАСЫМОВ

**Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы болып тағайындалды. Министрлікке 2011 жылы келген Қ.Қасымовқа полиция генерал-лейтенанты, ал 2015 жылы мамырда полиция генерал-полковнигі шені берілді. *«Қасымов Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Ішкі істер министрі қызметінен босатылып, Президент көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы етіп тағайындалсын»,* – деп жазылған Елбасы қаулысында.**


Е. ТҰРҒЫМБАЕВ

Ал, Ішкі істер министрі қызметіне тағайындалған полиция генералы Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлы 1962 жылы 14 тамызда Алматы қаласында дүниеге келген. 2012 жылдың желтоқсан айынан бері Ішкі істер министрінің орынбасары қызметін атқарады. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін заңгер-құқықтанушы мамандығы бойынша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қаржы және несие факультетін экономист мамандығы бойынша бітірген. Заң ғылымдарының кандидаты. Ол 2012 жылдан бері сол ведомство басшысының орынбасары лауазымын атқарды. Екінші дәрежелі «Айбын», бірінші дәрежелі «Қайсар» және екінші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен марапатталған.

# Әлем жаңалықтары

## АҚШ-та мұғалімдер ереуілге шықты

Колорадо штатындағы Денвер қаласының мұғалімдері жаппай ереуілге шықты.Наразылар әкімшіліктің мектеп ұстаздары үшін бөлген сыйлықақының мөлшеріне көңілдері толмайтынын айтып, жалақыларын көтеруін талап етті. Ақпарат көздерінің хабарлауынша, мұғалімдер соңғы 25 жылда алғаш рет жаппай бас көтеріп отыр. Шара бейбіт түрде өтті. Аймақтағы 5 мыңға жуық оқушының сабақтары кейінге шегерілді.

Айта кетейік, жуырда ғана дәл осындай наразылық акция Лос-Анджелесте өткен болатын. Алты күнге созылған шараның нәтижесінде мұғалімдердің еңбекақысы 6 пайызға өсті. Сонымен қатар, қала әкімшілігі сыныптағы оқушылардың санын қысқартып, қосымша мұғалімдерді жалдайды деп уәде етті.

## Германияда 300-ге жуық балабақша жұмысын тоқтатты

Себебі тәрбиешілер мен бастауыш және орта мектептердің мұғалімдері қайта ереуілге шықты. «Білімге үнемдеуге болмайды!» деген ұранмен, олар қаланың орталық көшелерінде шерулетті. Тәрбиешілер жалақысын 6 пайызға көтеруді талап етіп отыр. Бұл шамамен – 200 еуро. Ереуілшілерді кітапханашылар, өрт сөндірушілер мен тәртіп сақшылары да қолдады. Полицейлердің 26% бұл күні жұмысқа шыққан жоқ. Жалпы наразылық шарасына 10 мың адам шыққан. Кәсіподақтар мен үкімет арасындағы келіссөздердің келесі кезеңі ақпан айының соңына белгіленген. Онда Германияның бір миллионнан аса мемлекеттік қызметкеріне жалақыны көтеру мәселесі қарастырылады. Алайда Берлин Сенатының өкілдері, тәрбиешілердің талабын қанағаттандыруға қаражат жетпейді деп отыр.

# ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ АУЗЫН ЖАБУҒА БОЛМАЙДЫ



**Сенат депутаты Дариға Назарбаева Қазақстан журналистері конгресі атқару комитетінің төрайымы ретінде күні кеше ғана БАҚ өкілдерін аккредитациялауға қатысты шыққан бұйрықпен танысып, егжей-тегжей зерттеуге уәде берді деп хабарлайды Sputnik Қазақстан.**

«Қазіргі заманда журналистердің аузын жабуға болмайды. Қазір интернет арқылы өз ой-пікірін ашық айтуға мүмкіндік бар. Журналистер әрқашанда елдің қамын ойлайды, халықтың мұң-мұқтажын үкіметке жеткізеді. Бұл жағынан журналистердің рөлі өте маңызды», – деді Назарбаева сенат кулуарында.

Сенатор бүгінгі таңда елімізге мықты журналистік қоғам керек екенін атап өтті. «Журналистер одағы деген бар. Бірақ оның атын да естімейміз. Не істеп жатқанынан да бейхабармыз. Өз салаларыңа қатысты заң жобасы қаралып, талқыланып жатқанда, ой-пікірлеріңді айтып, үкіметпен бірге жұмыс істеп, күресе білу керек. Өкінішке қарай, журналистік қоғам бұл мәселелерде белсенді емес», – деді Дариға Назарбаева.

«Қазір телеарнаның мен газеттерге оңай емес. Өмір сүруі қиындап жатыр. Барлық жағынан пайда көріп отырған интернет. Интернетте ешкімнің аузын жаба алмайсың. Бұл үлкен басымдық. Журналистер өздері балама заң жобасын әзірлеп, сол бастамамен шығуы керек», – деп кеңес берді Назарбаева.

Сенатордың пікірінше, парламент қабырғасында жүрген әрбір депутат журналистерге көмектесуге дайын. Айта кетейік, күні кеше отандық БАҚ беттерінде журналистерді «шараларда аккредитациялау ережелері қатаңдатылуы мүмкін» деген ақпарат шықты. Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ұсынған бұйрық жобасы журналистердің наразылығын тудырып, қызу талқыға түскен болатын.

**Alashainasy.kz**

# Жынымды келтірмеңізші!



Осылай деп жауап қатқан Ұлттық экономика министрінің орынбасары Серік Жұманғарин журналистерден кешірім сұрады. Вице-министр тарифтер туралы қойылған сұраққа жауап беруден бас тартқан. *«Бұл басқа шара ғой. Не болды? Кеше парламентте тарифтер туралы айттым. Ондай болса өздеріңіз тұра беріңіздер»*, – деді ол. С. Жұманғарин қатысқан жиында шағын және орта кәсіпкерлік жайы талқыланған. Ал, қайта-қайта алдынан шыға берген тариф туралы сұраққа мезі болған вице-министр тілшілерге деген ашуын осылай білдірді. Екінші тілшінің шағын және орта бизнес туралы қойған сауалына жауап беруге қарсы емес екенін жеткізген ол *«Әрине. Шара шағын және орта бизнес жайлы. Ал сіздер тариф туралы сұрауға келдіңіздер ме? Маған арнайы келіңізші, мен сізге тариф туралы басынан аяғына дейін барлығын айтып берейін. Жынымды келтірмеңізші»*, – деді. Артынша тілшілерге таныткан дәрекілігі үшін министрліктің баспасөз қызметі арқылы кешірім сұрады.*«Мен журналистерге қарата қатты айтқан сөзіме өкініш білдіремін. Иә, менің сөзім өрескелдеу болды. Сол себепті, журналистерден ресми түрде кешірім сұраймын. Сұхбат беру мәселесіне келсек, ол жайлы ескерткеннен, журналистерді қызықтырған сауалдарға жауап беруге дайынмын»*, – дейді вице-министр.

# ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

**Жастарға қызмет көрсету орталығында «Ерлікке тағзым – ұрпақ парызы» атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесу барысында ардагерлер соғыста көрген қиыншылықтарын айтып, жастарға тәлімі мол тағлым айтты. Жастар да санасындағы сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.**

Ерлік – жан дүниенің ұлы қасиеті. Ерлік жасау кез – келген адамның қолынан келе бермейді. Өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізіп, тағдырының жазуымен елге аман-сау оралып, туған жерімен қауышқан майдангер ағаларымызбен кездесу біз үшін үлкен ғанибет.

Ауған соғысы – 1979 жылдың 27 желтоқсанында КСРО қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істерінде қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. Соны аяқталмас соғысқа ұласқан бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес оған сырт мемлекеттердің қатысуымен ұзаққа созылды.

Бұл соғыстың абырой әпермейтінін түсінген Кеңес үкіметінің басшылары 1989 жылы 15 ақпанда Кеңес әскерлерін Ауған жерінен біржолата шығарды.

Азаматтық алу, бейбіт өмірге қол жеткізу қай халыққа да оңай түспегені анық. Өткен әрбәр соғыс мыңдаған, миллиондаған адам шығынын әкеліп, қаншама мемлекетті күйретумен тарихта таңба болып қалды.

Батылдық пен ерліктің тамырын дөп басып, табиғатын таныған тұлғалармен жүздесіп, сұхбаттасу – жастар үшін өмірлік өнеге болды. Шара соңында жастар ауған соғысы ардагерлеріне алғыс айтып, қолдау білдірді.

**Статистикалық мәліметке сүйенсек:**

– 10 жылға созылған ауған соғысында КСРО бойынша қайтып оралмаған жалпы адам шығыны – 14 453-ке жетті;

– Ал Қазақстаннан Ауған соғысына 22 000 адам қатысып, олардың 761-і қаза тапты;

– 21 адам хабарсыз кетті;

– Бүгінгі таңда елімізде 10 000-ға жуық ауған соғысының ардагерлері бар. Олардың 3000-ға жуығы мүгедектер қатарында.

**Диана ДУАНБЕКОВА.**

# 251 АДАМ ҚҰТҚАРЫЛДЫ



24.kz сайтының хабарлауынша Алматы, Қарағанды және Қызылорда облыстарының тас жолдарында боранды ауа-райы салдарынан тежеліп қалған 103 көлік қар құрсауынан босатылып, нәтижесінде 251 адам құтқарылды. Бұл туралы төтенше жағдайлар қызметі хабарлады. Алматы – Өскемен тас жолында көлігі бұзылған 4 адам Талдықорғанға жеткізілген. Сондай-ақ, Кербұлақ ауданында 46 жеңіл автокөлігі жолда бойында қалған. Бұдан өзге Қызылорда – Жезқазған бағытында бораннан болған көлік кептелісінен 40 жеңіл, 10 жүк көлігі мен 4 шағын автобус шығарылды. Осы орайда төтенше жағдайлар қызметі жолаушыларға жолға шықпас бұрын ауа райының өзгеруі және жолдардың жабылуы туралы арнайы хабарламаларды ескеріп, қауіпсіздік шараларын қатаң орындауға шақырады.

# ЗАУЫТ ҚАРЫЗЫ 600 МЛН ТЕҢГЕДЕН АСАДЫ




**Қант қызылшасын өткізген шаруалар ақшасын ала алмай жүр. «Көксу» қант зауытының басшысы 90 күнде береміз деген ақшаны әлі де созбаққа салуда. Ал зауыт басшысының 80 шаруашылыққа берешек қарызы 600 миллион теңгеден асады. Қант қызылшасын өсіріп, өнімін зауытқа өткізген шаруашылық иелері ақша берілетін уақыт уәде етілген күннен асып бара жатқандығын айтып, наразылықтарын білдірді. Зауыт басшысы Алтынбек Абатов ай соңына дейін барлық қарыздан арылатындығын айтып, шаруаларды сендіріп отыр. Ала жаздай тер төгіп, күздің қара суығында ұзын-сонар кезекте тұрған шаруалар еңбегінің жемісін әлі күнге көре алмай отыр. Күтпеске шара жоқ. Себебі, Ақсу ауданындағы қант қызылшасын қабылдау пункті Талдықорған қаласы маңындағы шаруалар үшін шалғай. Ақшасын ала алмай жүрген шаруалар көктемгі егістік жұмыстарына дайындық жүргізіп үлгере алмай қаламыз ба деп үрейленіп отыр.**

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Талдықорған қалалық сотында 2019 жылдың 20 ақпан күні сағат 15.00-де «Сот төрелігін оңтайландыру туралы қабылданған Заңның құқықтық салдарын түсіндіру» туралы дөңгелек үстел Талдықорған қаласының прокуроры, Нотариаттық палатасы, Адвокаттар алқасы, Заңгерлік кеңес беру палатасы, «Халықаралық құқық қорғау орталығы» РҚБ-нің медиаторы, Талдықорған аймағы бойынша жеке сот орындаушыларының қатысуларымен өтеді.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**ДЕПУТАТЫ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА РК, ЧЛЕНЫ ФРАКЦИИ ПАРТИИ «НҰР ОТАН» АБДИМАНАП БЕКТУРГАНОВ И ЗАГИПА БАЛИЕВА ПОСЕТИЛИ С РАБОЧЕЙ ПОЕЗДКОЙ АЛМАТИНСКУЮ ОБЛАСТЬ. ЧЛЕНЫ ФРАКЦИИ ПАРТИИ «НҰР ОТАН» ПОСЕТИЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКИЙ РАЙОН, ГДЕ ОЗНАКОМИЛИСЬ С РАБОТОЙ ГИДРОЭЛЕКТРОСТАНЦИИ НА РЕКЕ ЧАЖА И ПОБЕСЕДОВАЛИ С ЕГО СОТРУДНИКАМИ.**

# РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА ДЕПУТАТОВ



«В прошлом году обьем инвестиции нашего района составил 8 млрд. 14 млн. тенге. 6 июня 2018 года при поддержке ТОО «Тау Жетысу» провели инвестиционный форум, где принимали участие все бизнес-сообщества района. На форуме были подписаны 4 меморандума по взаимному сотрудничеству, среди которых есть и ТОО «АСПМК-519». В итоге мы смогли профинансировать строительство ГЭС на реке Чажа с мощностью 25,8 МВт», - проинформировал депутатов председатель Ескельдинского районного филиала, аким района Баглан Танекенов.

«В рамках проекта «100 обьектов» по Алматинской области Ескельдинскому району из областного бюджета было выделено порядка 1 млрд.181 млн.тенге на открытие 79 новых рабочих мест с подключением 7 новых обьектов. Один из которых этот ГЭС», - отметил в свою очередь первый зампред областного филиала Галиаскар Сарыбаев.

«На территории Ескельдинского района планируется реализация инвестиционного проекта «Строительство ГЭС-2 на реке Чажа» представленный ТОО«Каскад Каратальских ГЭС» (учредитель ТОО «АСПМК-519»). Стоимость проекта составляет 9,3 млрд. тенге, с открытием 18 новых рабочих мест», - говорит директор ТОО «АСПМК-519» Виктор Сычев.

По информации руководства ГЭС на сегодняшний день ведутся работы по строительству ВЛ 10 КВт, земляные работы под канал, под строительство станции (котлованы), по размещению бетоносмесительных узлов и строительству временного городка для проживания работников.

В ходе встречи народные избранники отметили, что каждое направление Послания Главы государства направлено на благо народа и положительно оценили положение дел в данном районе. «Запуск станции позволит еще больше снизить стоимость электроэнергии в регионе. Мы видели, что здесь внедряются новые технологии, осуществляется цифровизация. Я думаю, мы должны поддерживать такие проекты и совместно проводить работу по дальнейшему его развитию», - говорит депутат Мажилиса Парламента РК, член фракции партии «Нұр Отан» Абдиманап Бектурганов.

**Ш. БАТЫРОВ.**

***Все мы верим в то что, семья нам дана для счастья, для удовольствия, но на самом деле семья - это труд, причем каждодневный. Но правда в том, что семья – это сильнейший эгоизм, испытание, экзамен. Близкие люди имеют самую большую власть над нами. Счастье в семье возможно, но это результат тяжелого многолетнего труда по работе над собой и отношениями.***



# СЕМЬЯ - БОЛЬШОЙ СОВМЕСТНЫЙ ТРУД

Проект «Крепкая семья» стартовал в городе Талдыкорган. Личный пример родителей дает ребенку образец перед глазами. Наши дети – наше отражение. В Назарбаев Интеллектуальной школе города Талдыкорган стартовала программа «Крепкая семья» по укреплению партнерских и доверительных отношений между родителями и подростками. По данному проекту педагоги-психологи школы и кураторы будут проводить семейные встречи с учащимися 7-х классов и их родителями. Данная программа была создана Школой здоровья и социального благополучия при университете Оксфорд Брукс, Великобритания. Развитию этого курса способствовали высококачественные научные исследования, проведенные в штате Айова США, где изучалась эффективность программы «Крепкая семья». Курс включает в себя семь разделов тренинга, направленных на популяризацию семейных ценностей, досуга и воспитания молодого поколения. Так, в стенах школы прошло первое занятие, посвященное теме «Любовь и ограничения». На котором родители учились демонстрировать детям свою любовь, но в тоже время устанавливать определенные ограничения. Ученики в свою очередь, работали над установкой темы «Цели и мечты». По словам школьного педагога-психолога Асем Оспановой, курс продлится семь недель. По завершению которого, родители смогут улучшить отношения со своим ребенком, помогут создать дружественную атмосферу в семье, откроют множество способов помочь своим детям правильно подготовиться к подростковому возрасту.

**Соб.КОРР.**

# АРМАГЕДДОН БЛИЗКО. ОЧЕРЕДНОЙ ЛОЖНЫЙ ПРОГНОЗ ИЛИ, ПРАВДА?

**Международные обсерватории начали бить тревогу. К Земле стремительно приближается астероид, под названием Апофис. Космическое тело, названное в честь древнегреческого бога-змея, который стремился поглотить солнце. Однако, действительно ли астероид со зловещим названием, приведет к концу света?**



Астероид Апофис был открыт учеными еще в 2004 году. Судя по расчетам, вероятность его столкновения с Землей произойдет в 2029 году. Внешняя характеристика космического тела менялась по мере приближения к Земле. На сегодняшний день, точное изображение астероида до сих пор отсутствует. Некоторые российские СМИ сообщили о диаметре Апофиса – 325 метров, стоит отметить, что его размеры изменчивы. Например, сейчас источники из космических обсерваторий сообщили, что его диаметр составляет – 370 метров. По некоторым данным, скорость астероида составляет 21 тысячу км/ час, что считается относительно небольшой скоростью по космическим меркам. Тем не менее, изучив последние данные НАСА, можно с облегчением сказать, что астероид Апофис не входит даже в тройку опасных для Земли космических тел. Исследователи оценивают шансы столкновения один на миллион. Даже вероятность попасть в автомобильную аварию окажется в тысячу раз больше.

Очередные опасения с неизбежностью столкновения кометы остались позади. Несмотря на непрерывные сообщения о приближающемся конце света, нужно настроиться оптимистично. Ведь в большинстве случаев теории об апокалипсисе на деле оказываются неправдивыми.

**М. КЕНЕСОВА**

# Постановка и снятие с учета опасных технических устройств (котлов, сосудов работающих под давлением, грузоподъемных механизмов)

Постановка и снятие с учета опасных технических устройств(котлов, сосудов работающих под давлением, грузоподъемных механизмов)

Департамент Комитета индустриального развития и промышленной безопасности Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан по Алматинской области доводит до сведения населения, о том что: **Приказом Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 27 ноября 2018 года № 822 «Об утверждении стандарта государственной услуги «Постановка на учет и снятие с учета опасных технических устройств» внесена в стандарт оказания государственной услуги.** Стандарт государственной услуги разработан Министерством индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее - Министерство).

Государственная услуга оказывается территориальными департаментами Комитета индустриального развития и промышленной безопасности Министерства (далее - услугодатель).

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется через канцелярию услугодателя.

Срок оказания государственной услуги:

1) со дня подачи пакета документов услугодателю - 10 (десять) рабочих дней;

2) максимально допустимое время ожидания для сдачи пакета документов - 15 (пятнадцать) минут;

3) максимально допустимое время обслуживания - 15 (пятнадцать) минут.

Форма оказания государственной услуги: бумажная.

Результат оказания государственной услуги - выдача уведомления о постановке на учет, снятие с учета опасного технического устройства.

Форма представления результата оказания государственной услуги: бумажная.

Государственная услуга физическим и юридическим лицам (далее - услугополучатель) оказывается бесплатно.

График работы услугодателя - с понедельника по пятницу с 9.00 до 18.30 часов, перерыв на обед с 13.00 до 14.30 часов, кроме выходных и праздничных дней, согласно трудовому законодательству Республики Казахстан.

Прием документов и выдача результата оказания государственной услуги осуществляется с 9.00 часов до 17.30 часов с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Государственная услуга оказывается в порядке очереди, без предварительной записи и ускоренного обслуживания.

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугополучателя (либо его представителя по доверенности):

1) заявление о постановке на учет и снятие с учета опасного технического устройства по формам согласно приложениям 1 и 2 к настоящему стандарту государственной услуги;

2) документ, удостоверяющий личность (для идентификации личности);

3) паспорт сосуда, работающего под давлением, котла (автономного пароперегревателя, экономайзера), трубопровода, кранаподъемника по формам согласно приложениям 3, 4, 5, 6, 7, 8 и 9 настоящего стандарта государственной услуги.

В случаях представления услугополучателем неполного пакета документов согласно перечню, предусмотренному настоящим пунктом, и (или) документов с истекшим сроком действия услугодатель отказывает в приеме заявления.

**За оказанием государственной услуги «Постановки и снятия с учета опасных технических устройств»(котлов, сосудов работающих под давлением, грузоподъемных механизмов):обращаться в Департамент Комитета индустриального развития и промышленной безопасности по Алматинской области. Телефон: 32-10-46**

**ЗАЙНИДИНОВА Н.Т.**
**Главный специалист отдела по государственному надзору за объектами котельных газовых хозяйств и магистральными трубопроводами Департамента индустриального развития и промышленной безопасности по Алматинской области.**

# ПОДПИСАЛИ СОГЛАШЕНИЕ



Соглашение о сотрудничество подписали директор Палаты предпринимателей Алматинской области Нариман Абильшаиков и начальник Департамента по чрезвычайным ситуациям (ДЧС) Алматинской области Ерлан Нурпеисов в ходе встречи в Региональной палате. В рамках соглашения стороны намерены проводить совместные рабочие встречи по проблемным вопросам бизнеса, профилактические мероприятия по противодействию коррупции, мониторинг нормативно-правовых актов.

«В рамках совместных мероприятий мы предлагаем в виде альтернативы государственному контролю в области пожарной безопасности проводить аудит и осуществлять профилактический контроль. Мы готовы предоставить площадку «Атамекена» для проведения разъяснительных работ среди субъектов предпринимательства», - отметил Нариман Абильшаиков.

В свою очередь Ерлан Нурпеисов подчеркнул, что департамент оперативно реагирует на обращения предпринимателей и принимает жесткие меры по недопущению неправомерных действий со стороны должностных лиц.

В ходе встречи председатель Совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции Баниямин Файзулин, директор филиала Казахстанской Ассоциации дошкольных организаций по г. Талдыкорган, учредитель детского сада «Интеллект Сити» Маржан Ахмеджанова, директор НГУ «Школа основ Управления» Лариса Сергеева, директор ТОО «Метакон» Павел Сребный выступили с предложениями и наболевшими вопросами в области обеспечения пожарной безопасности на предприятиях.

**Ш. ХАМИТОВ.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМ

# Қалтамыздағы қаржы қаншалықты үнемделеді?

**ӘДЕТТЕ ЖЫЛ БАСЫНДА ТҮРЛІ МАҚСАТ ҚОЙЫЛАДЫ, ТҮРЛІ ЖОСПАР ЖАСАЛЫНАДЫ. ДЕЙ ТҰРҒАНМЕН БҮГІНГІ КҮНІ ЖОСПАРЫ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ ҒАНА ҚАЛАТЫН ІСТІҢ ҚАТАРЫ КӨБЕЙІП, ЕСЕСІНЕ НӘТИЖЕСІН ЖАР САЛЫП КӨРСЕТЕТІН ЖҰМЫСТАР СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН БОЛДЫ. ХАЛЫҚ СОНДЫҚТАН ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚҚА ОРАЙ БӨРКІН АСПАНҒА АТУДЫҢ ОРНЫНА, АҢ-ТАҢ КҮЙ КЕШІП, СЕНІМСІЗДІК ТАНЫТЫП ЖҮР. БІЗ АЙТЫП ОТЫРҒАН СОНДАЙ ЖАҒЫМДЫ ӘРІ ХАЛЫҚ ҮШІН ӘЛІ ДЕ СЕНІМСІЗ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ БІРІ – ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ ЖАҢА КҮНІНЕН БАСТАП КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҮШІН ЖАҢА БАҒА ЕНГІЗУ.**

Биыл Қазақстан аумағында коммуналдық төлем түрлері арзандайды деп желтоқсан айында ақпарат құралдары арқылы Экономика министрлігі жар салды. Демек, халық енді суық су мен кәріз қызметін, жылу мен электр жарығын төмендетілген тарифпен төлемек.



«Жаңа жылдан соң келетін коммуналдық түбіртекті көргенде отандастарымыздың қабағы әдеттегідей түйілмейтін болады» деген Экономика министрлігінің болжамы мен есебі қаншалықты шынайы екеніне халықпен бірге көз жеткізгіміз келді. Аз-кем әңгіме сол төңіректе болмақ. Сіз бен біздің қалтамыздағы қаржы қаншалықты үнемделеді? Нәтиже қандай?

Біресе азық-түлік бағасы қымбаттап, енді бірде дәрі-дәрмектің бағасы өршіп, одан қалса кеңсе тауарларының бағасы аспандай беретініне бой үйретіп қалған халық коммуналдық қызметтер тарифі арзандайды дегенде иланбаған. Шындығына келгенде қараша қауым жағымды жаңалықтың рас-өтірігіне әлі күнге дейін көз жеткізе алмай, қолдарындағы төлем қағаздарына қайта-қайта қарап, салыстырып, тіпті, сенер-сенбестерін білмей жан-жақтан сұрастыруда. Көбісі төлемдердің неліктен арзандағанын білмей дал.

«Неге коммуналдық қызмет тарифтері төмендеді? Жарық, жылу, электр энергиясын өндіруші кәсіпорындары бұл шешімге қалай келісті?» деп сауал тастағандар қатары көп. Оған билік басындағылар да, кезі ашық оқырман да бір ғана жауап берді. Бұл – Елбасының жолдауының нәтижесі.

Н.Ә. Назарбаевтың 5 қазан күнгі халыққа Жолдауында экономикада бәсекелестікті дамыту және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен табиғи монополиялардың қызметі үшін белгіленетін тарифтер саласында тәртіп орнату мақсатымен батыл шаралар қабылдау керектігі атап өтіліп, «коммуналдық қызмет пен табиғи монополияларды реттеу салаларында тарифтің жасалуы және тұтынушылардан жиналған қаржының жұмсалуы әлі күнге дейін ашық емес» деген болатын. Яғни, мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде коммуналдық қызметтердің тарифін төмендету қолға алынды.

Соның негізінде төлемақы бағасын арзандату жүзеге асуда. Бұл тиын-тебенді есептеп күн көріп отырған қараша қауым үшін әрине қуаныш. Бірақ тағы да «бірақ» бар. Күйініп отырған себеп не дерсіз?

Сонда бұл жағдай бізде Президенттің Жолдауынсыз жақсы бастамалар жүзеге аспайтын болғанын тағы бір дәлелдемей ме? Тапсырма берілместен бұрын, халыққа икемделіп жұмыс жасауға болмас па еді?..



Қыркүйек айында министрліктерге бөлінген қыруар қаржы, жалпы көлемі 80 миллиард теңге игерілмей бір шу шықты. Немесе керісінше, қаржыны игеру мақсатында ақша пайдасы мен маңызы жоқ жұмыстарға жұмсалып, халық тағы бір ашынды. «Біздің үкіметте ақша шашылып жатқан секілді. Бірақ ол қаржы пайдалы іске жұмсалмайды» деп күйінетін халық «Жағдайы төмен отбасыларға көмек қолын созып, көпбалалы аналарға қолдау танытып, шалғай аудандардағы тозығы жеткен ауылдар мен ондағы мекемелерге қаржы бөліп немесе осындай пайдалы істерді тапсырмасыз орындаса ғой» – дейді.

Күйіну, ашыну көп бүгінгі күні төмендетілген тариф бойынша төлем жасау халыққа аз да болса медеу болып отыр. Доңыз жылынан бастап іске асып отырған шара бойынша облыс орталығындағы көрсеткіш төмендегідей. Талдықорған қаласының тарифі 10%-ға дейін төмендеген. Мысалы, қаланы жылумен қамтамасыз ететін «Талдықорғанжылусервис» мекемесі 1 Гкал жылудың құнын 2772 теңгеден 2513 теңгеге түсірген. Осыған дейін талдықорғандықтар бір текше метр ыстық суға 207,53 теңге төлеп келсе, енді 186,78 теңге көлемінде төлем жасайды. Бір текше метр суық судың құны 67,66 теңгеден 61,37 теңгеге арзандаған.

Жарықты көп пайдаланатындар үшін де жағымды жаңалық бар. Бұрынғы жылы 1кВт/сағатқа 16,39 теңге жұмсап келген тұрғындар енді 14,68 теңге төлейді, құны 1, 71 теңгеге арзандап отыр.

**ТҮЙІН:**

Халық жағдайымен аз да болса санасу, айлық еңбекақыларына орай төлемдерді, азық-түлікті, дәрі бағасын арзандату тұрғындарға, әсіресе аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік жағынан үлкен қолдау болмақ.

Мемлекет халқымен, тұрғындарымен мемлекет болып отыр. Ал тұрғындарының қыстырылып, қымтырылып күн көруі мемлекет болашағына балта шабумен бірдей емес пе? Сондықтан «Ауырғанын жасырған өледінің» кебін кимес үшін ақты ақ, қараны қара деп айтуымыз тиіс. Ал халыққа аз да болса пайдалы бастамалар бой көтерсе, қуанып, құба-құп деу де міндетіміз.

Бірақ, қымбатшылыққа еті үйреніп, танауын тасқа соққан балықтай есеңгіреп қалған бұқара бұл жасалған жеңілдіктер ұзағынан бола ма, болмай ма деп үрейленіп жүр. Себеп, біздің үкімет, халықты бір қолымен ұрып, бір қолымен сипап отыруды әдетке айналдырған!

**Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ.**

АҚПАРАТ

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫ ТУРАЛЫ

**– «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» жаңа заң қашаннан бастап күшіне енеді?**

– «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №203-VI Заңы негізінде «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына тиісті өзгерістер енгізілді.

Заңға енгізілген бұл өзгерістер БЖТ енгізуге (ол 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді), азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыстар атқарып, қызметтер көрсететін жеке тұлғалар үшін МЗЖ төлеу рәсімін оңайлатуға және МЗЖ есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотының өтініш берушілік сипатта ашылуын жоюға бағытталған (ол 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді).

Енді жеке тұлғаның МЗЖ есепке алу бойынша БЖЗҚ-да ашылған зейнетақы шоты жоқ болса, алғашқы жарна келіп түскен кезде зейнетақы шоты Қордың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады.

**– Фрилансерлер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдарын жасауға міндеттелген бе?**

– Бұл сұрақ бойынша Міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына жүгінуіңізді сұраймыз. Бұл ретте біздің айтарымыз, жеке тұлғалардың барлығы бірдей бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) тәртібін қолдана алмайды.

Атап өту керек, БЖТ 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді және ол бірнеше төлемнен құралады. Олар: жеке табыс салығы, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударым, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін МЗЖ және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін әлеуметтік аударым.

Кәсіпкерлік қызметті жеке кәсіпкер ретінде тіркелместен жүзеге асыратын, сондай-ақ бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: БЖТ төлеген; жалдамалы жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайтын; қызметтерді салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана көрсететін және акцизделетін өнімдерді қоспағанда, өзінің жеке қосалқы шаруашылығында өсірген ауыл шаруашылығы өнімдерін салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғаларға ғана өткізетін жеке тұлғалар БЖТ төлеушілер деп танылады.

Ал нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын жеке тұлғалар, олардың ішінде фрилансерлер БЖТ төлеушілер болып табылмайды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ЖӨРГЕКПҰЛҒА ҚАШАН ЖАРИМЫЗ?



***Көпбалалы отбасы – береке-бірліктің үйлескен жері. Адамзат тарихында есімі елге танылған тұлғалардың көпшілігі көп балалы отбасында дүниеге келген. Қазір көпбалалы отбасын көрсек, таңдай қағып, таңғалатынымыз бар. Көпшіліктің көкейінде оның бәрін қалай асырайды деген сауал туындайды. Артынша «Әр баланың өз несібесі бар» деп жатамыз, десе де оның оқуы, жоғары білім алуы мен қазақ үшін қасиетті үйлену тойын жасап, баспана әперу – әрбір қазақтың басты міндеті болғандықтан көпбалалы отбасына таңданыспен қарайтынымыз жасырын емес. Тіпті, бүгінгі таңда бір баланың өзін асырау үлкен мәселеге айналды. Оның үстіне берілетін жәрдемақылар да мардымсыз. Көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақыны айтудың өзі ұят. Себебі, сараңның берген садақасындай тиын-тебенге бір баланың жөргек пұлына да жетпей қалады.***

Жалпы Республика бойынша аналардың бас көтеруінен кейін (әрі бес баланың өрттен көз жұмғанынан соң) ана мен бала мәселесі қоғамда қызу талқыға түсті. Бұған, қоғам белсендісінен бастап, саясаттанушылар мен ақпарат құралдары наразылықтарын білдіріп жоғарғы билікке үндеу тастайды. Аналар қауымының бас көтеруінен кейін Қазақстанның демографиясын көтеру керек деген Елбасының сөзі қағаз жүзінде қалып қойғанына көзі жеткен Нұрсұлтан Әбішұлы үкіметтегі ұйқылы ояу отырған шенділерге тапсырма берді. Ал, шын мәнінде 20-25 миллионды мұрат еткен үкімет кешенді шаралар қабылдауға дәрменсіздіктерін көрсетіп алды. Оның құрамында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова да бар. Бір жетінің айналасында бір ғана Астана емес, Павлодар, Қызылорда облыстарында балалардың өртке оронуы, қазақ қоғамында көп балалы аналардың әлеуметтік жағдайын әшкерелеп берді. Осы орайда Еңбек және халықты қорғау министрі қандай қадамдарға барды деген сауалға жауап таба алмаймыз. Бір кездері қорасындағы бір сиыр мен тауығын санап, жәрдемақы алуға құқы жоқ деген министрлерді де көргенбіз. Тәуелсіздік алғалы 27 жылдың ішінде ана мен балаға және көпбалалы аналарға деген қамқорлықтың исін де сезбеппіз. Сыздауық пісіп жетіліп жарылғанда ғана, оның үстіне Елбасы өзі араласып бағдарлама жасап «ал жүзеге асырыңдар» дегенде ғана атқа қонған министр мен қаржы министрі жылаған баланың аузына су тамызғандай жаңалықтарымен бөлісуде. Мұнай мен алтын хромның үстінде отырып, кедейшіліктің кебенегін киіп жүрген қазақ мемлекетінде ана мен баланың мұң-зары жетіп артылады. Осындайда ғой айналаңа қарап өзге мемлекеттерде ана мен баланың ахуалы қандай екен деп сараптайсың. Көздерінен жас емес қан сорғалап жүрген көпбалалы аналарды көргенде еріксіз қалам тербейсің. «Менің 5 балам бар. Үлкенім 5-сынып оқиды, кішісі 1 жаста. Жалпы үш балам мектепке барады. Өзім жұмыс істемеймін. Ал, 1 жасқа дейін берілетін ақшамыз жақында тоқтады. Бірақ, ол ештеңеге де жетпейді. Мектепке баратын балаларыма тамыз айында айтарлықтай қиналып қаламыз. Мектеп формасы, дәптер, қаламдары, спорт киімдері бар. Мектепте көпбалалыларға арнайы көмек ретінде киім-кешек беріледі, бірақ олардың сапасын айтудың өзі ұят. Сондықтан барлығын өзіміз алуға тура келеді. Кішкентайлардың өзіне ай сайын бірталай қаражат керек. Қазір балалардың иммунитеті де нашар, жиі ауырады. Дәрі бағасын мен айтпасам да білесіздер. Қыста бар табысымыз осы дәрілерге кетеді. Министрлік берген 16 мың теңгемен қай жыртығымызды жамаймыз. Елбасының Жолдауынан кейін жәрдемақыны да көбейтер деген үміт болған. Енді тіпті, қынжылып отырмыз. Бала санын көбейт дей бермей бірінші халыққа, батыр аналарға жағдай жасау керек» – дейді көпбалалы ана Перизат Садақбаева. Бұл бір ғана ананың сөзі емес барлық аналардың пікірі деуге болады. Демек, демография – кез келген мемлекеттің іргетасы, болашағы, тірегі. Қайсыбір мемлекет болсын, өз ұлтымен ғана толыққанды мемлекет. Шыны керек, демографиялық серпілісті біздің ел күткелі қашан?! Сонау ашаршылық пен репрессияға толы зұлмат жылдардан бері қазақтың қарасын көбейту зор арманға ұласты. Әйтеуір, осы тақырып аясында басқосулар мен пікірталмасу өрби қалса, тас лақтырсақ жетпейтін 20-25 миллионды тілге тиек етеміз. Сөз бен істің алшақтығы жер мен көктей. Тіпті, ұлан байтақ мекенімізде қоныс тепкен жұрттың, оның ішінде қазақтың қарасының көбеймей отырғандығы жанкүйер қазақ тұрмақ, бөгде елдің қаймана саясаттанушы-сарапшыларының да тақырыбына тамызық болып тұр. Оның дені қазіргі таңда ана мен бала өлімінің азаймай отырғандығын тілге тиек етсе, ендігі бірі – 20-25 миллионға жетуді мұрат тұтқан қазақ елінің әлеуметтік-демографиялық жағдайына терең талдау жасап, бұл межеге жетудің жолдарын ұсынуда.



Ал, жергілікті жерлерде жедел штабтар құрылып, олар көп балалы отбасылардың неге мұқтаж екенін анықтап, олардан ұсыныстар жинап жатырмыз деген Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова басқа да ұсыныстардың қарастырылып жатқанын мәлімдеді. «Барлық ұсыныс жұмыс тобында қаралады. Жұмыс тобының кезекті отырысы осы бейсенбіде өтеді деп жоспарланды. Оған жұртшылық өкілдерін, сарапшыларды шақыру ойымыз бар. Жұмыс тобында әлеуметтік қолдауды жақсарту мен мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасыларды қорғауға қатысты кешенді шешімдер ұсынылады деген ойдамын», – деді министр.

Бізде бұрындары 4 баласы бар ана көпбалалы деп есептелетін. Оны да алып тастаған осы Мәдина ханым еді. «Әр қазақ менің жалғызым» деп ақын Сабыр Адай айтпақшы, сонда 3 баланы дүниеге әкелген аналар жәрдемақыларға неліктен ілінбейді? Министр Мәдина Әбілқасымова бізде «миллионер» аналардың бар екенін айтқан. Бұл дәлелді қайдан алғанын өзі білер. Алайда, бізден өзге елдердің ақпаратына зер салсақ, ана мен бала тағдыры Қазақстанмен салыстырғанда аспан мен жердей екенін аңғаруға болады.

**Ирландияда**

Бала 16-ға толғанша (ал кейбір талаптарды сақтаған жағдайда 18-ге дейін) айына 140 евро жәрдемақы төленеді.

2 баласы барға – 280 евро (119 мың теңге), 3 баласы барға – 420 (178 мың), 4 баласы барға – 560 (237 мың теңге), 5 баласы барға – 700 (295 мың теңге), 6 баласы барға – 840 (355 мың), 7 баласы барға – 980 (414 мың), ал 8 баласы барға 1120 евро (475 мың теңге) жәрдемақы береді екен.

**Австрияда**

Жәрдемақы баланың жасына қарай өзгеріп отырады. Туғаннан үш жасқа дейін айына 111,80 еуро (48 мың теңге) төлейді. Үш жастан он жасқа дейінгі аралықта – 119,60,(51 мың) он жастан он тоғызға дейін – 138,80, (59 мың), оқуын жалғастырған болса он тоғыздан жиырма төртке дейін 162 евро (70 мың теңге) жәрдемақы алады. Үйдегі бала саны біреуден көп болса, мұның үстінен үстемақы қосылады.

**Швейцарияда**

Бұл елде бала 16-ға толғанша орта есеппен 200 франк (78 мың теңге) жәрдемақы алады. Оқуын әрі қарай да жалғастырған болса 16-дан 25-ке толғанға дейін 250 франктан кем алмайды.

Ал, министр Мәдина Әбілқасымова болса, «Көп балалы аналар мемлекеттен бірнеше миллион теңге жәрдемақы алады. Бізден басқа бірде-бір елде мұндай үрдіс жоқ» деген болатын. Тіпті, экономикасы төмен, көршілес Өзбекстанда 3 балалы отбасы көпбалалылар есебіне кіріп, мемлекеттен тегін үй де алады. Өзі де ана бола тұрып, аналардың тағдырына бей-жай қараған министрге қазақстандағы барлық аналардың өкпесі қара қазандай. «Жығылғанға жұдырық тиіпті» дегендей енді лашықтар мен саяжайларда көшіп-қонып жүрген отбасылардың тұратын мекендеріне тиым салынса, қазақ қайтіп бала санын арттырады!

**Г. ЕРДАУЛЕТОВА.**

**2019 жылы біржолғы жәрдемақының мөлшері:**

**Бірінші, екінші, үшінші балаға – 38 АЕК (биыл 1 АЕК – 2525 теңге) немесе 95 950 теңге;**

**Төрт және одан да көп балаға – 63 АЕК немесе 159 075 теңге.**

**Ал отбасында егіз, үшем, төртем дүниеге келсе, біржолғы мемлекеттік жәрдемақы әр сәбиге жеке төленеді.**

**Бір жасқа дейінгі ай сайынғы жәрдемақы**

**Жұмыс істемейтін әйелдерге бала бір жасқа толық толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы:**

**Бірінші балаға – 5,76 АЕК немесе 14 544 теңге;**
**Екінші балаға – 6,81 АЕК немесе 17 195 теңге;**
**Үшінші балаға – 7,85 АЕК немесе 19 821 теңге;**
**Төрт және одан да көп балаға – 8,9 АЕК немесе 22 473 теңге.**

**Көп балалы аналарға:**

**«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға кіріске тәуелсіз төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 6,4 АЕК немесе 2019 жылы 16 160 теңгені құрайды. Бірге тұратын 4 және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларға 4,16 АЕК немесе биыл 10 504 теңге төленеді.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ЛАШЫҒЫ ЖОҚ, ҮЙІ ЖОҚ,


АРАБТЫҢ МАЛ БАҒАРЫ


ҚАЗАҚТЫҢ ЖАН БАҒАРЫ

# ҚАЗАҚ ҚАЙТІП КҮН КӨРЕР?

**Жалғасы. Басы 1-бетте.**

Осы тұста, Юрий мырза Қазақстан заңы бойынша үйдің иесі өздігінен меншіктерін халыққа қызмет көрсету орталығына немесе әкімдік арқылы тіркеуі керек дегенді алға тартты. «Нәтижесін көріп отырмыз» деп қадап айтқан сөзінен де кінәні кімге артып отырғанын есті адам түсінсе керек. «Жосықсыз құрылысшылар уақытша лашықтар соғады, сосын оларды адамдарға тұруға өткізеді», – деді ол. Министрлік өкілі тұрғындардың қауіпсіздік мәселесіне тұрғын үйді тұрғызғандар да, оны жалға бергендер де кінәлі екенін айтып, елімізде болған қайғылы оқиғаға лашықта тұрған ата-аналардың өздері кінәлі дейтін секілді. Байқасақ, алтынмен апталып, күміспен қапталмаса да, мәртебесіне татитындай кең сарайда отырған Ильин мырза, халықтың қарнының қампайту тұрмақ, өз жанын өзі әрең бағып отырған шарасыздардың лашығынан айырып барып «заңсыздықты» жоятындай боп отыр.

Екі аяғын үкіметтің иығына артып салып, «Әләуләйлім бітсе, халауләйлім басталады» дейтін Алдардай қутыкеш те емес біздің халық.

*ОСЫ ЕКІ АРАДА*

***Венгрия премьер-министрі Виктор Орбан: «Бізге цифрдің қажеті жоқ. Бізге венгр балалар қажет», – деп мәлімдеді. Қазақстан демографияда цифрға ғана жүгінсе, Венгрия бұл мәселеде өзгеше ойлайтын болып шықты. Венгрия мемлекеті демографияны көтеру мақсатында екі баладан көп отбасыларға кредит бағдарламаларын ұсынуды жоспарлаған. Дәлірек айтқанда, бұл кредитке жас отбасылар баспана ала алады, сонымен бірге, оларға автокөлік сатып алуға субсидия да беріледі. Кемінде төрт бала асырап отырған әйелдер табыс салығынан босатылмақшы. Енді Қазақстандағы жағдайды ойлап көріңіз. Айдың-күннің аманында әлеуметтік жағдайдың ауыртпашылығы салдарынан, төрт кредит бес баланың тағдырын өртке орады.***

Әуелден момын-ақ. Сол момындығынан болар, аядай жерде бала-шағасын аялап, қуықтай жерде құдайға тәубасын айтып отыруға бейіл. Бәлкім, сол түні өрт болмағанда, адам аярлық хәлде өмір сүріп жатқан отбасылардың барын білмес пе еді, билік. Аяғының астына көз салмайтын байқамас па еді, өкімет. Момындығы да сол, өкіметке қол жаюдан қайыр жоқ екендігін түсінген болар.

Ресми деректерге сүйенсек, бүгінгі күні елімізде 2,5 миллионнан астам адам баспанаға мұқтаж болса, 800 мың адам – тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшысы екен. Тұрғын үйге қол жеткізу бағдарламалары орташа айлығы 150-200 мың теңге болатын әлеуметтік жағдайы жақсы халықтың қалтасына сай келсе, айлығы шайлығына жетпейтін тұрғындар баспанаға қол жеткізу тұрмақ, орталықтан пәтер жалдауға шамасы келмейтіндігін айтады.

Мәселенің бір ұшы жұмыссыздыққа келіп тіреледі. Мемлекет басшысы Қазақстанда бір отбасы 500 мың теңге табыс табады деп есептесе, бір отбасының айлық кірісі аталған сумманың жартысына да жетпейтіні жасырын емес. Н. Назарбаев БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында 10 миллион теңгенің пәтерін сатып алу тиімсіз емес екендігін атап өткен болатын. Белгілі ақпарат көзінің хабарлауынша, «Егер (отбасыда) екі адам Қазақстандағы орташа жалақымен жұмыс істесе, бұл шамамен 500 мың теңге, онда 50 мың теңге деген соншалықты көп ақша емес, оның үстіне ақырын-ақырын төлеп бітіреді», – деді Елбасы. Сонда, айлық жалақысы 50 мыңнан аспайтын жанұяның жағдайын қайда қоямыз?

Елімізде 86 мың жас жұмыссыз бар дейді статистика. Оның басым бөлігі Алматы қаласында болса, алып мегаполистің ізін ала Түркістан мен Қарағанды облысы тізімнен бой көрсетеді. Алматы облысының жұмыссыздық көрсеткіші қаншалықты екенін білмекке Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан жауап алғанды жөн санадық. Басқарма басшысының орынбасары Б.Жақсыбаеваның айтуынша, статистика бойынша 3-тоқсандағы Алматы облысының жұмыссыздық көрсеткіші 4,6%-ды құрайды. Жылдық қорытынды әлі шыққан жоқ. «Жұмыссыздық көрсеткішін азайту мақсатында Өнімді жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылып жатыр, атап айтсақ, жастарға микро-кредит, білім грантын бөлуді қолға алдық» дейді Б. Жақсыбаева.

Біздің биліктегі шенеуніктерге халық проблемасын шешу жөнінде тапсырма берілсе, тыйым салу мен шектеу қоюдан әрі аса алмай қалатыны өкінішті. Шынтуайтында, халықты жұмыссыздықтан арылтудың жолдарын қарастырған абзалырақ болар еді. Жоғарыда атап өткеніміздей, жақсы табысқа ие отбасылар ғана баспананы өз күшімен иеленуге мүмкіндігі бар. Бұл ұсыныстың қашан заң күшіне енетіні әзірге сізге де, бізге де беймәлім.

Табиғаты бөлек, танымы басқа басшы қазақтың қарапайым ғана «Құмырсқаның илеуін бұзба» деген тыйымның астарын, обал-сауабын түсінбеген болса керек. Алда-жалда лашықта тұруға тыйым салына қалса, Асан Қайғышалап кетеміз бе деген үрей басым.

Құйрығы жоқ, жалы жоқ –
Құлан қайтіп күн көрер?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ –
Жылан қайтіп күн көрер?! – деп еді 6 ғасыр бұрын. Бүгінгі қазақ қоғамының көрінісін дөп басқандай абыз баба. Тек бұл күнде, «Лашығы жоқ, үйі жоқ, қазақ қайтіп күн көрер?» деудің сәл-ақ алдында тұрғандаймыз.

**Д.ӘМІР**

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

# Соттар жұмысына баға берілді

**АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНДА СОТ ТӨРАҒАСЫ МЕЙРАМБЕК ТАЙМЕРДЕНОВ 2018 ЖЫЛҒЫ СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ САПАСЫ БОЙЫНША ОБЛЫС СОТТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА БАҒА БЕРДІ. ОҒАН АУДАН, ҚАЛА СОТТАРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ, СУДЬЯЛАР МЕН КЕҢСЕ МЕҢГЕРУШІЛЕРІНІҢ ТӨРТ КӨЗІ ТҮГЕЛ ҚАТЫСТЫ.**





Жиынды ашқан облыстық соттың төрағасы Мейрамбек Таймерденұлы Жоғарғы Сот Төрағасы Жақып Асановтың жоба аясында сөйлеген сөздеріне тоқталып, халықтың сот жүйесіне деген сенім деңгейін арттыруды, судьялардың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуді және сот ісін жүргізуді толық цифрландыруды айқындайтын жеті стратегиялық бағыттардың маңыздылығына тоқталды. «Бұл жұмыстың нәтижесі IT-сервистер арқылы сот әділдігіне кедергісіз және ыңғайлы қол жеткізу, әлемдік сот тәжірибесінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, үнемді сот ісін жүргізу болып табылады» – деген төраға Алматы облыстық сотын және аудандық, қалалық және оған теңестірілген соттардың баяндамаларын тыңдап, сот төрелігінің жүзеге асырудың сапасын сараптады.

Алғашқы болып мінберге көтерілген Алматы облыстық қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Советхан Сәкенов статистикалық мәліметтерге сәйкес Алматы облысының жергілікті соттарының өндірісінде 2018 жылдың 12 айында 3999 қылмыстық іс қаралып, 2511 тұлғаға қатысты 2225 іс бойынша үкім шыққанын айтты. Сондай-ақ, апелляциялық сот алқасында 608 іс қаралып, ағымдағы мерзімде бірінші сатылы соттардың 30 адамға қатысты 19 үкімінің күші жойылғанын тілге тиек етті. Сондай-ақ сот актілерінің күші жойылуына жол берген судьялардың аты-жөні аталды. Әсіресе, ҚР ҚК-нің 68-бабын қолданумен, қылмыстық-процестік кодексінің 323-бабына сәйкес 5/5, қатаң жаза тағайындаумен бұзылған және ақтау үкім шығарумен бұзылған үкімдерге тоқталып, осы қателіктерге жол берген судьялардың түсін түстеді.

Жалпы өткен жылы 124 адамға қатысты 86 үкім өзгертілгенін, оған 43 судьяның жол бергенін айтты. Бұның себеп-салдарына тоқталған Советхан Сәкенов судьялардың қылмыстық заңнаманы дұрыс қолданбауына байланысты, соның ішінде мүлікті негізсіз тәркілеуге қатысты, соталушының жеке басы мен жасалған құқық бұзушылық әрекетінің ауырлығына жазаның сәйкес келмеуіне байланысты, сот шешімінің істің нақты жағдайларына сәйкес келмеуіне орай сот тергеудің біржақтылығымен толық емес жан-жақты талдау жасалды. «Судьялардың Қылмыстық істі мұқият, жан-жақты, толық оқымауы, сотталушының іс-әрекетіне дұрыс құқықтық баға бермеуі, іске қатысты заңдар мен нормативтік қаулылардың жетік, терең оқымау, зерделемеуден орын алып отыр» – деді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотында кассациялық тәртіппен бұзылған және өзгертілген сот актілеріне тоқталды. Бұдан кейін кезекте Алматы облыстық азаматтық істер жөніндегі апелляциялық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Қалдарбек Досымбет те өткен жылдың қалдықпен бірге 51 666 азаматтық іс және арыздар түскенін, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 20 000-ға жуық азайғанын баяндап, ит жылында шешім шығарумен 33806 азаматтық іс аяқталғанын, осы шешімге қатысты 3464 іске көбейгенін мәлім етті. Медиация тәсілімен 51 666 азаматтық істердің 1964 қысқартылғанын айтқан сот алқасының төрағасы ең көп медиациямен істерді аяқтаған аудан, қала судьяларының аты-жөндерін тізіп айтып, жаңадан ашылған мәнжайлармен қайтадан қарау туралы 189 арыз түсіп, оның 36-сы қанағаттандырылғанын баяндады.

Сондай-ақ, әкімшілік істерді қарау бойынша да статистикалық мәліметтерге жүгініп, бірінші сатыдағы соттармен 21000 әкімшілік іс қаралғанын, осы жылы 398 әкімшілік іс бойынша шағым арыздар мен ұсыныстар түскенін айтты. Апелляциялық сатыда қаралған 398 іс бойынша бірінші сатыдағы 22 қаулысы бұзылып, 31 қаулысы өзгертілгенін, оған жол берген судьялардың ағни бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуінен болатынын тілге тиек етіп, оған жол берген аудан қала судьяларының аты-жөндері атады. «Әкімшілік іс бойынша да заңның дұрыс қолданылмай, өзгертілген 31 қаулының 10 қаулысы әкімшілік заңына енгізілген заң талабының өзгеруінен болды. Әрі әкімшілік жазаның жасалынған құқық бұзушылық пен жазықты деп танылған адамның жеке басына сәйкес келмейді» – деген Қалдарбек Досымбет те судьялардың өндірістегі іске жете мән бермейтінін, зерделеп, оқымайтынын ашына айтты.

Ең көп сот шешімдерінің бұзылуы мен өзгертілуіне жол берген соттардың ісі майшаммен қаралды. Облыстық соттың төрағасы Мейрамбек Таймерденов әр судьяны жекежеке тұрғызып не себепті заңды бұзуға жол бергендерін сұрап сын тезіне алды. «Бұқара халықтың сотқа деген сенімін арттырудың орнына сендер кері тартып, заңды толық игермесеңдер әділдікті қараша қауым кіммен сұрайды» – деді. Ертеден кешке дейін өткен бұл жиында аудан, қала соттарының төрағалары мен судьяларға 2019 жыл Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановтың ұйғарымымен «сапа жылы» болып аталуына байланысты жіберілген кемшіліктерді жойып, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Әрі әр судьяның жемқорлықтан ада болуына, егер түтылып қалған жағдайда оларға аяушылық болмайтынын баса айтты. «Себебі, Жоғарғы Сот төрағасы Қауіпсіздік комитетімен, Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен үш жақты келісімге қол қойғандарын бәрің білесіңдер» деп ескертті. Жиында Алматы облысы соттар Әкімшісінің басшысы Манас Бурашов та баяндама жасады.

**Айтақын БҰЛҒАҚОВ.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# Қашқын



Бас кейіпкер Сағидолла Досжанұлы.

**Басы өткен санда.**

Күні бойы істеген ауыр еңбектен әбден діңкелеп оралатын түрмедегілерге уағында ұйықтап, демалу деген бір рахат қой. Бірақ ондай да бұйырмапты. Түн баласында да еш тыныштық жоқ. Себебі, олар жатқан әр үйдің төбесіне жабылған қалың қамыс арасын кеулеген қандала мен бүрге. Илеудегі құмырсқаша бірі кіріп, бірі шығады. Шам жарығы сөне салысымен басталатын қансорғыштармен арпалыс таңға жалғасатын. Ұзақты түн көз ілместен шыбындаған атша тыпырлаған әр бөлменің тұтқындары сарт-сұрт сабаланатын да жүретін. Нағыз күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмейтін қияметтік азап осында. Бұл онсызда сіңіріне сүйеніп әзер жүрген аш-арықтар үшін жығылған үстіне жұдырық болған. Сонымен, жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартқан бұл қысымға шыдамаған қазақтар қатары бірте-бірте жұбына жеткен пырақ малша бауша түсті. Көп өтпей құлап түскендердің алды көз жұмып, арты кірпігі ғана қимылдар ауыр хәлде қалды. Ал, тырс еткен тамшы суға зәру Тарым ойпатындағы мұндай тағылықты жүргізіп отырғандар – кілең ұйғырлар. Ондағы қазақтар көргілікті қытайдан емес, енді сол жергілікті ұйғырлардан көрді. Себебі, Сексантам жаза лагеріндегі әрбір лауазым иесінен қарапайым күзетшіге дейін тек ұйғыр ұлтынан. Олардың ес білген баласынан егде тартқан қарттарына дейін қазақ десе қаны қарсы. Бұлай болатыны 1951 жылы Сексентамға Қытайдағы ұлт-азаттық көтерілісінде ерен ерлігімен танылған әйгілі Оспан батырдың қолға түскен сарбаздарын әкеліп қамайды. Тумысынан алкеуде, өркөкірек келетін ұйғырлар қазақтарға өз үстемдігін көрсетіп, құлдықта ұстағысы келген. Бірақ жастайынан ат құлағында ойнап, түз тағысынша еркін өскен баһадүр батырлар оған бағынбаған. Қайта тас қапасты жарып шығып, бірін-бірі құтқарып, қолдарына қару алады. Жан алысып, жан беріскен шайқаста қарсыластарын шетінен жер жастандырған қазақтар ақыры Гималай тауын асып, Үндістан, Кашмир арқылы Түркияға қарай өтіп кете барған. Бұл қақтығыс жалпы Тарым ойпатындағы ұйғырлардың қынадай қырылған жеңілісімен ерекше есте қалған. Сондықтан, олар бұл жолғы Сексентам жаза лагеріне топ-тобымен әкелініп жатқан қазақтарға еш оң қабақ танытпаған. Қайта, үрке қарап, оларды сол баяғы «банды қазақтардың» тұқымы санаған. Күндердің бірінде ойламаған жерден тағы бір бас көтерудің бұрық ете түсуінен қауіптенген олар, қазақтарды барынша аш-жалаңаш ұстап, еңсе тіктетпеуге тырысқан.

Ара-тұра қар түсіп, болымсыз суығымен, қысқа ғана екі айда алғашқы қыста жылып өте шықты. Тіпті, наурыз айының өзі шілдеде ғана кездесетін шіліңгір ыстықпен басталды. Жаның қанша тастан жаралса да бетбақ құмның бет шалатын темірдей қызуына шыдау оңайға соқпасы анық. Көнбеске амалың да жоқ. Алайда, аш қарын ауыр еңбекке жегілгендердің әлқуатты дегендерінің өзі алысқа бара қоймады. Айтып-айтпай аш өзегіне түскендердің қатары бұрынғыдан да көбейіп, күн санап өлген-жіткендердің саны артты. Әр күн сайын аш-арықтың кейбірі еңбекке барар жолда, кейбірі еңбек алаңында бүк түскен күйі сұлай берді. Мұндайда исі қазақ баласы бірін-бірі қолтықтап, бірі-біріне сүйеу болған. Олар бірі құласа жабал қимылдап, әрбірі қолындағы аздаған нанынан қой асығындайдан болса да бөліп беріп, құлағандарының жанын сақтап қалуға қам жасаған. Осылайша қазақтар басына төнген ауыр күн одан сайын қиындап, өлім мен өмір ортасындағы нағыз арпалысқа түскен.

«Көтеремнің аузы көкке жетсе, көксау да өлмейді» дегендей, аштық жайлаған түрмедегілер көктем айын асыға күтетін. Себебі, қар кете салысымен жаңа көктеп шыққан алабота шөбі олар үшін табылмайтын тамақ еді. Шөп буыны қатқанша оны қайнаған суға тоғытып жеп қосымша азық ететін. Қазақтарға қарағанда өзге ұлт өкілдерінің өлім жазасына үкім етілгендерінен басқасының жағдайы тәп-тәуір. Олардың тойып ас ішуіне, еркін сөйлеп, жүріп-тұруына жол ашық. Өйткені, ұйғырлар алда-жалда қазақтар тағы да бас көтере қалса, оларды қол шоқпары ретінде пайдаланбақ. Сонымен ұры-қары, содыр-сотпақтардың айы оңынан туып, жұлдызы жанды. Жұмыстың жеңілі, тамақтың дәмдісі де соларда. Қазақтарға басқасын айтпағанда біреудің жүзіне тура қарап, бірдеңе сұрауға да рұқсат жоқ. Қандай жағдай болса да «тамағым тоқ, жағдайым жақсы» деуі тиіс. Егер біреу-міреуге бір ауыз сөзді артық айтып қойғандар болса, оның сол күннен бастап сорының қайнағаны. Белсенділер ондайлардың жер-жебіріне жетіп, ел алдында адамның өңі тұрмақ, түсіне де кірмейтін жаза қолдануға дайын.

Дәл осындай айуан азаппен кісі қолынан қаза тапқандар аз емес. Оған ара түсіп, ақтап алуға ешкімнің батылы да бармайтын, шамасы да жетпейтін. Осымен Тарымдағы тағдыр тәлкегіне тап болған қазақтар арасынан күн санап ауру-сырқау көбейіп, көз жұмып жатқандар саны еселеп артты. Қаратұяқтан хәл кетіп, ондағы қазақ атаулы тағы бір қырғынға ұшырай бастаған. Осы нәубет тұсында аяқастынан Сексентам жаза лагерінің бір ұйғыр басшысы ауысып, орнына Үрімжіден арнайы жолдамамен Қойымхан есімді қазақ жігіті келіп отырды. Жас шамасы отыздан енді асқан Қойымханның бұл лауазымға келуі мүлде жұмбақ. Ешкімнің үш ұйықтаса түсіне де кірмейтін іс. Әдетте болымсыз мансап иесін көрсе құрша жорғалап, құрақ ұшатын ұйғырлар Қойымхан келісімен өзгеріп сала берді. Тіпті, қоғадай жапырылып, әрбірі шексіз мейірім иесі болды да қалды.

Қойымхан орын-тағына жайғаса салысымен өзінше іс бастады. Ол алдымен жалпы түрмедегі жағдаймен егжей-тегжейлі танысып, тұралап қалған тұтқын қазақтарға қол ұшын беруге барын салды. А дегеннен қазақтарды жұмыстың ауыр-жеңіліне қарай үш топқа бөлген. Біріншісі – ел қатары еңбек ете аладыау деген әлділері. Екіншісі – қысты күні қыр аса алмайтын пырақ тоқтыдай сұрыпталған, күйі төмендері. Үшіншісі – өлім мен өмір ортасында қалған, әйтеуір, бойында шыбын жаны бар ауру-сырқау, аш-арықтары. Аш-арықтардың біраз уақыт ем-дом қабылдап, демалуына да рұқсат берілді. Осы жеңілдіктердің бәрі басқалардың қарсылығына қарамастан тек Қойымханның бұйрығымен ғана бірден жүзеге асты. Сырқат адамдардың дені өткір түрдегі іш ауруға шалдыққандар. Оларды дауалайтын емші табылғанымен, дәрі-дәрмек деген атымен жоқ. Ал, сырқат жандардың жағдайы тым мүшкіл. Қойымхан ойлана-ойлана келіп қазақтар арасындағы қолдарынан іс келеді-ау деген бірнеше азаматты таңдап алды. Оларға түрме қарамағындағы жалғыз бұзаулы сиырды сауғызып, әр күнгі сүтіне ұсақтап туралған ащы сарымсақ қосып, айран ұйытып, ауруларға кезек-кезек ішкізе беруді бұйырды.

Келесі кезекте ол жалпы жаза лагеріндегі қазақтарды 10 күн бойы далаға жатқызып, жаппай тазалық жасатуға кіріскен. Алдымен тұтқындардың киер-киім, көрпе-жастығына дейін тегіс бір дәрілетіп шықты. Біраз адамдарға маңайдағы елдің мал қораларынан қап-қап көң алдырып, оған да дәрі сеуіп, бөлме басы сайын тұтатып қойған. Осылайша есік-терезелері тұмшаланып, бірнеше тәулік тұрғанда әр үйдің төбесіне жабылған қалың қамыс арасынан қырылып түскен бүрге мен қандаланың қалыңдығы төрт еліге жеткен. Тіпті, үйге кіріп шыққын адамнан қар басқанай айшықты із қалады. Жаппай жасалған тазалық пен ем-домның арқасында ауру-сырқаулар тегіс аяқтан тұрып, қалт-құлт етіп қатарға қосыла бастаған. Көпшіліктің еңсесі бір көтеріліп, бит пен бүргеден көзі ашылғандай болды. Тамақ та бұрынғыдан молайып, қуырмаштарға өсімдік майы қосылатын деңгейге жеткен. Бұл көк шөпті қорек етіп, өлместің күйін кешіп жүрген тұтқындар үшін үлкен қолдау еді. Көп өтпей жаза лагеріндегі жалпы жағдай бірте-бірте оңалып, ондағы қазақтар бұған дейін көріп келген теперішіліктен бір сәтке болса да арылғандай болды.

Осылайша кездейсоқ келген Қойымхан қазақтарға Алланың әмірімен арнайы жіберілген құтқарушыдай сезілді. Жайшылықта іскерлігі мен қазақы қалжыңы бірдей жүретін Қойымханның арқа-жарқа ақпейілдігінде шек жоқ. Дүйім жұртқа қай қырынан да ұнамды. Әр мезгіл есік пен төрдей қара қоңыр аттың ортан беліне отырып, құмырсқаша қайнап, жер қопарып жатқан қалың тұтқынды бір аралап шығатын. Осы барыста ол сұсты да қатал бейнемен қабақ шытып, жалпы еңбекшілерге: «Өз міндеттеріңді ойдағыдай орындаңдар! Орындамағандарыңа сыбаға дайын. Оларды өз қолыммен жазалап қырам да, жоям!» деп зор дауысымен бір айғайлап өтетін. Артынша қазақтар жаққа бір соғып: «Әй, сендер тым қиналып кетпеңдер. Жаңағы менің айғайым ана ақымақтарға қаратылған. Жай ғана көрсетіп қойған қырым ғой» деп сыбыр етіп, атын тебініп кете баратын.

Оның бұл қылығын қазақтар тобы түсінеді, әрине. Ал, өзгелер алдында Қойымхан шынымен де қатал. Әділдік жолында қылдан да тайған емес. Берген бұйрығын біржола орындататын. Бірақ, Қойымханның өзгеге емес, өз ұлты үшін істеген әрбір қайырымдылығы бара-бара басқаларға мүлдем ұнаған жоқ. Күн өткен сайын қазақтардың хәл-ахуалы жақсарып, күш-қайраты толыса бастағаны, әсіресе, жергілікті ұйғырлардың үрейін алып, зәре-құтын қашырды. Сонымен, олар алдымен қазақтарды қанатының астына алып, қамқор болып жүрген Қойымханға тісін басып, ебін тауып, тақтан тайдыру жолында жанталасты. Арада айлар аунап, тағы біраз уақыт өтті. Бастабында таз адамдың басындай аламыш-аламыш, шөбі де ала-құла шығатын бұл аймақ енді жап-жасыл орман-тоғайлы егістікке айнала бастаған. Бірақ соншама жанның табан ет, маңдай терінің тегін бодауына келген жер ырыздығы тағы да айналып келіп сол жергілікті ұйғылардың еншісіне тиді. Олар айналасы екі жылға жетпейтін уақыт ішінде игерілген тың өңірге жеміс-жидек, қауын-қарбыз егіп, өз шаруаларын дөңгелете берді.

Қойымханның ежелден исі қазақ баласының іргесі тимеген бұл аймаққа түрме басшысы болып келуінің жұмбақ сыры кейін белгілі болды. Дәл сол кезде Қытай еліндегі қазақтар арасынан білікті де білімділігімен танылып, лауазымды қызметте жүргендердің бірі – Мағауия Жакулин болса, енді бірі оның інісі – Әнуар Жакулин болатын. Ағалы-інілі екеудің Шығыс Түркістандағы ұлт азаттығы жолында сіңірген еңбегі де ерен еді. Кейін Әнуар Іле облысын, Мағауия Тарғабатай аймағын басқарған. Уақыт өте келе Мағауия өлкелік сыртқы сауда басқармасының тізгінін ұстаса, Әнуар Бейжіңдегі ұлттар баспасын және Шынжаң өлкелік құрылыс және партия комитетінің әкімшілік-заң басқармасының басшысы, өлкелік прокуратураның прокуроры сынды жоғарғы қызметтерде болған. Ең бастысы Шынжаң өлкелік саяси заң комитеті ІІІ басқармасын басқарған Әнуар Сәлжан есімді тағы бір ұлтжанды азамат бар еді. Тіпті, оның заң саласында абыройы да биік, айбарынан ат үркетін. Қойымхан, міне, сол адамдардың ықпалымен Тарым өңіріндегі жазықсыз жәбір көріп, жапа шегіп жүрген қазақтарға қол ұшын беруге астыртын жіберілген адам болып шықты.

Сәуір айының басы. Аспан ашық болғанымен, жер әлем мұнартып, айнала біртүрлі шаңғыттанып тұрған. Қойымхан әдеттегісінше атқа қонып, қаннен-каперсіз еңбек алаңын аралап келе жатқан. Кенеттен бейсауат біреулер пайда бола кетті де, дүйім жұрттың көзінше Қойымханды ұрып-соғып тұтқындап ала жөнелді. Не болғаны белгісіз, ел аң-таң. Тек Қойымханды тарпа бас салғандардан үріккен қарақоңыр ат тізгін-шылбырын шұбатып шыға берді. Оны ұстамақ болған бірнеше адам қаумалай жүгірген еді, бірақ үріккен ат қайыру бермеді. Қайта одан сайын қашып, қос үзеңгісі қапталын соғып, үйреншікті жеріне қарай құйындатып кете барды. Қойымхан қандай қылмыспен қолға түсті? Жабылған жала ма? Әлде шынымен солай ма? Ол жағы белгісіз, білу де қиын. Мән-жайды түсіндіретін де жан жоқ. Біледі-ау дегендердің өзі тілін жұтып қойғандай, ештеңе айта қоятын емес. Ертең өгізге туған күннің бұзауға да туары анық. Осы ойлағандар ендігәрі жұмған аузын ашпауға бекінген шығар бәлкім. Әйтпегенде әдетте түрмедегілерге бар жаңалықты, бірді-екі етіп жеткізетіндер де сол бір топ ұйғырлар болатын. Кім білсін, алдын-ала оларға да қатаң ескерту жасалған болар. Қалай дегенмен де бұл оқиға бір күтпеген жағдай болды. Әсіресе қазақтар үшін тіпті де қиынға соғары хақ. Олардың ертеңгі күні не болмақ? Кеше ғана құлдықтан құтқарып, аз уақыт ішінде өздерінің бар арқасүйер жанашыр-жақынына айналып үлгерген арыстай азаматынан қас-қағым сәтте айырылып қалу шынымен де өкінішті-ақ.

Қойымханды белсенділер бірнеше күн текпімен тергеудің астынан алып, ақыры түрмеге жауып тынды. Негізі оның үстінен жергілікті біраз адамдар арыз жазып, шағым түсіріпті. Олар жазған арызда «Қойымхан өз қызметін асыра пайдаланып, барлық қылмыскерлерді бет-бетімен жіберді. Ол ол ма? Мемлекеттік қызметке кір келтіріп, бірнеше ұйғыр қыздарының намысына тиді. Соның кесірінен айрандай ұйып отырған үш бірдей отбасының берекесі кетіп, шаңырағы шайқалды» делінген. Осыдан кейін-ақ жергілікті тәртіп сақшылары оның үстінен түскен арызды еш тексеріп, тексеріп жатпастан тұтқындап кеткен. Бұл өсек-аяңды өрттей өршітіп, өшіккенін орға оп-оңай түсіре салатын аласапыран кездегі біреулердің әдейі ұйымдастырған әрекет екені айдан анық еді.

Айтты-айтпады, уақыт өте келе бұл оқиға Қойымханды Сексентамда тұрғызбауға бағытталған қитұрқы әркет екені әшкере болды. Қойымхан қолға түскен күннен бастап оны ешкіммен хабарластырмаған. Оған басқа қазақтарға көсеткен зорлық-зомбылық пен ауыр қинау тәсілдерінің бәрін қолданған. Пәле қайдан, жала қайдан, тасада тұрып тас атқандар оны аяқтан шалып солай жықты. Алайда ол оған еш мойыған жоқ. Қайта ізінше ақталып шығып, өзіне күйе жаққандарға кімнің кім екенін көрсетті-ау шіркін. Ақыры олардың өзі құрған торына өздерін түсіріп кете барды. Қойымхан көп ұзамай өлкелік заң басқармасының біріне басшы болып ауысты. Қазақтар болса көңілдері түсіп, елі көшкен қыстаудай құлазыған далада құлазып қимастықпен қала берді. Бірақ ол кетерінде мұндағы жағдай үнемі өз бақылауында болатынын ескертіп кеткен. Бұл жолы Қойымханның орын-тағына Әбіламет есімді бір ұйғыр жігіті келіп отырды. Диірменнің тасындай дөңгеленген дүние кәделі жыртыстай біреуден біреуге қалып келеді. Ал, байлық пен мансап деген баяны жоқ қолдың кірі. Мәңгілік кімге жолдас болған дейсің? Ұйғырлар Қойымхан кете салысымен қазақтарға тағы да қырын қарап, байырғы әрекетіне қайта басқан.

Құбының қуба құмды қу даласында құмырсқаша қайнаған қалың адам. Бір жартысы жер жыртып, егін егуде. Енді бір бөлігі тас қопарып, тау тегістеп, жол жөндеп, құрылыс салумен жанталас. Қылмыскерлер біркелкі нөмірлі киім киген. Бұрынғысынша қарулы қарауыл қалт жібермей күзетіп тұрады. Соның ішінде ауыр қылмыс өткізіп, қатаң жаза арқалағандардың кейіп-кеспірі тым сүркей. Басқаларға қарағанда сақал-шашы өскен, нарау көңіл, өмірден мүлде түңілген, қабақтары да қатулы. Енді оларға бәрібір секілді. Әйтеуір, өлім жазасы атқарылатын күнді күтіп ғана сарыуайымға салынып, құр сүлдері жүргені анық. Олардың аяқ-қолдары

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

тегіс құрсауланған. Ауыр кісен мен кең бұғаулы ұзын шынжырға қосақталып, он адамнан бірге жұмыс істейді. Әр топтың соңында мұздай қаруланған бірнеше сарбаз. Ешкімнің он маңға баруына, тілдесуіне мүлде тыйым салынған. Құдай ондайдан өзі сақтасын, әрине. Өлерін өзі біліп, ажал бүгін бе, ертең бе деп күтуден асқан қорлық бар дейсің бе? Жалпы онда сеншама қылмыскер жылдар бойы тәуліктеп істеп жатса да бітпейтін жұмыс бар. Әр қылмыскер арқалаған жазасының ауыр-жеңіліне қарай еңбекке жегілген.

Сексентам жаза лагерінің әкімшілігіне тиесілі ұзын-ырғасы үш жүзге жуық ұсақ мал бар. Сағидолланың бірнеше жерлесі сол малға бақташы болып кеткен. Малшылар үнемі тау сағалап, жайылым қуып, суат іздеп жүретіндіктен басқаларға қарағанда еркінірек. Олар нағыз айдаланы мекен еткен жабайы тайпалар секілді. Әдейілеп іздеп барғандар болмаса, басқа ешкімді көріп, тілдесу деген мүлде болмайды. Тек жазға салымғы төл алу мен күзгі жиын-терін мезгілінде ғана тағы біраз адам көмекке баратын. Көмекшілер күзде шеп-шалаң шабысса, көктемде төл алуға септеседі.

Тағы бір жазға салымғы мезгіл. Ми қайнаған ыстықтан айнала жалындап тұр. Мал төлдеп болып, қозы-лақ тегіс қарақұлақтанып қатарға қосыла бастаған. Сағидолла малға санақ жүргізетін екі ұйғырмен бірге малшылар тұрағына келді. Санақшыларға малдың ірі басы белгілі болғандықтан жыл сайын ерген төлді ғана анықтап санға қосатын. Олар әр төлдің бір-бір құлағын кесіп, ең соңында жиған құлақты санау арқылы қозы-лақтың санын шығарады. Қалыптасқан дағды солай. Сағидоллалар көп аялдаған жоқ. Бір қараңғы, бір жарықтан өрістеп, күн қыза оралған малды қоралап, мал ұстауға кірісті. Қора есігінде санақшы екі ұйғыр тұр. Бірінің қолында ен салатын қайшы, енді бірінде құлақ жинайтын ыдыс. Олар қос-қостан қолтықтап әкелген қозы-лақтың бір-бір құлағын шорт кесіп, ыдысына сүңгітіп жатыр. Түске қарай қара терге малшынған мал ұстаушылар әбден титықтап, іс-әрекеттері де баяулай бастаған. Ұйғырлар болса, оларға тыным бермей, сәл кідірсе ауыздарынан ақ ит кіріп, көк ит шығып, боқтық сөзбен әбден жүйкелеп тұр. Оның бірі ара-тұра малшыларға қарап: «Ой, тумысында малдан басқа ештеңе көрмеген өңшең топас қазақ! Тездетіңдер енді, күн деген түс болды!» деп кіжініп қояды. Бірақ оған ешкім қарымта жауап қатқан жоқ. Қатпайды да. «Үндемеген үйдей пәледен құтылады» деген, үнсіз ғана әркім өз жұмысымен жүре берген. Тек Сағидолла ғана «көрсетем қазір сендерге топастықты» деп бір күңк етті.

Санақшылар үшін қолдарына дәптер алып, мал санын жазудың өзі бір мәртебе. Шекірейе қарап, шеңділерше шіреңеді. Оның үстіне тұтқын қазақтарды зыр жүгіртіп, айтқанын орындату басқа кімнің қолынан келмек? Олар басқалар алдында қалай да өздерін жоғары ұстауы тиіс. Әйтеуір, шолақ белсенділердің кезкелгені осылай істеуге әуес. Бірде екі ұйғырды дәрет қысса керек, қолдарындағы құлақ салынған ыдысты қора жағалауына қалдырып, аулаққа дәрет сындыруға кетті. Дәл сол сәтті көздеген Сағидолла жүгіріп барып ыдысқа салынған құлақтан бір уысын жанқалтасына сүңгітіп жіберіп, түк болмағандай орнына келіп тұра қалды. Осыдан соң ол малшыға қарап:

– Малдың ішінде егіз туғандары барма? – деп сыбырлай сөйледі.

– Бірнешеу ғана, – деді малшы бәсең үнмен.

– Олай болса, санақшыларға егіз туған мал жоқ де. Менің қалтамда кемінде 10-15 құлақ бар. Ал, ана нақұрыстар мал санын тұрақтандырған соң бұл қозылар өздеріндікі болады. Оны қозы жетілгенде өз керектеріңе жаратып, түрмедегі аш-арықтар көмекке келсе мейлінше сорпалап қайтарыңдар, – деп жымың етті.

Мал санағы көңілдегідей өтті. Санақшылар ештеңе сезген жоқ. Сағидолланың қалтасына түскен құлақтан он үш марка бақташылардың еншісінде қалды.

Түрмедегі күнделікті күйбең жалғасып, аялы жоқ уақыт ағынды судай жөңкіліп жатқан. Такламаканның шөл даласына шүлен шұғыла шашып тағы бір таң атты. Сағидолланың орнынан қозғаларға шамасы жоқ. Ыңқылдап-күрсілдеп қатты ауырып қалыпты. Жайшылықта жөн-шөкімді көп елей қоймайтын оның өң-түсі де қашқан. Тіпті, кірпігін зорға қимылдатады. Шамасы шойырылып қалса керек. Аунап түскен сайын белім-белім деп дөңгелене береді. Хәлін сұрағандарға: «Қозғала алатын емеспін, белім әкетіп барады», – дейді ол. Жанындағылар оның мұндай ауыр хәлде жатқанын және таңға көз ілмей шыққанын түрме басшысы Әбламетке жеткізген. Таңғы астан кейін Әбламет ауруды өз көзімен көріп, оны сол күні еңбектен босатқан. Босағадан аттай бере ол бірнеше азаматқа «Сағидолланы қолтықтап далаға шығарыңдар, ащы күнге қақталып ағыл-тегіл бір терлесе жазылып кетеді» деп ескерткен.

Сонымен аула сыртында нәр сызбай жатқан ол түске қарай аяқтан тұрып өз-өзіне келе бастапты. Бірде ол қақпадан шығып бара жатқан бала Керейханды көріп, жанына шақырды. Керейхан негізі ауыл орталығындағы жалғыз наубайханадан түскі асқа нан әкелуге бара жатқан. Оны Сағидолла біледі, күткені де сол болатын. Ештеңеден бейхабар Керейхан Сағидолла шақырған соң жүгіріп жетіп келген. Сағидолла оған ыңырси сөйлеп: «Әй, Керейхан, сен топ басшысы Шәкен ағаға барып айтшы. Түскі нанды ептеп барып мен алып келейін. Себебі, өзің білесің, өткенде үйден келген бір жаңа жейдемді сол наубайхананың қожайыны Әметке бес тоқашқа ауыстырған едім. Ол иттің баласы сол нанды, әне берем, міне беремммен әлі күнге созбақтап жүр. Өзім бармасам беретін емес. Соны барып әкеліп алайын. Басқа нанды да мен ала келермін», – деді.

Басын изеп жүгіре жөнелген Керейхан аула ішінде ғана жүрген Шәкенге барып Сағидолланың өтінішін жеткізді. Олардың дауысы қорған сыртындағы Сағидоллаға анық естіліп тұр. Шәкен сәл тосылып барып, қосылғандай сыңай танытты. Ишартына қарап сөздің артын тоспай қайта жөнелген балаға дауыстаған Шәкен: «Әй, Керейхан, Сағидолла барам десе барсын. Дегенмен, байқа, ол ақымақ қашып кетіп, екеумізді де сойылға жыққызып жүрмесін», – деп ескертті. Шәкеннің ескертуін ет құлағымен естіп тұрған Сағидолла жымың етіп езу тартты да қойды.

Бастабында аяғын еппен басып әрең қозғалып бара жатқан Сағидолла біраз ұзаған соң аяғы аяғына тимей жүгіре жөнелген. Оның соңынан көз алмай қарап тұрған Керейханда сонда да бөтен ой бола қойған жоқ.

Сағидолла кеткелі ет асым уақыт өтті. Бірақ ол қайтып келмеді. Тіпті, еңбекшілердің түскі асқа келетін уақыты да болды. Көп өтпей екі иығынан демалып Шәкен жетті. Ол есіктен кірген бойда Керейханға аюша ақырды. «Жаңа айттым ғой мен, ол ит қашып кетпесін» деп, – Сағидолла кеткелі бір сағаттан астам уақыт өтті. Қашып кетпесе осы уақытқа дейін қайда жүр? Осылай боларын сезіп едім», – деді де, Керейханға «Бар, тез тауып кел» – деп бұйырды. Бала Керейхан Әметтің наубайханасына жүгіре жөнелді. Оған да тағат қылмаған Шәкен оның соңынан өзі де кетті. Жайшылықта бір аяғын сылтып басып зорға жүретін Шәкен көз көрім жерде зыр жүгіріп бара жатқан Керейханның соңынан зор дауыспен «бол, тездет, тездет енді» деп ақсаңдай басып ушып келеді. Олар бірінен соң бірі наубайханаға келіп кірді де, аман-сәлем жоқ, Әметтен:

– Мұнда Сағидолла келді ме? – деп сұрады, ентіге сөйлеп.

– Келді.

– Нан алды ма?

– Алды.

– Қайда кетті? – деді екеуі қатар тіл қатып.

Бұл екеуіне таңдана қараған Әмет:

– Сағидолланың бұдан шамамен бір сағат бұрын өзінің оған берешек бес тоқашына түрмеден басқа нандарды алып кеткенін айтты.

– Біттік,біттік, құрыдық енді!

Көздері бажырайған етіп бір-біріне қараған екеу Сағидолладан лезде көз жазып, жер сыйпап қалғанын сонда білді. Енді олар кері қайтып, болған жайды түрме басшысына мәлімдеді. Әбламет біразға дейін ләм-мим деместен сыздана қарап отырып қалды. Кімнен көреді? Сағидолланы еңбектен босатып, қорған сыртына шығартқызған да оның өзі. Десе де оның қашып кетуіне нанға баруға рұқсат еткен Шәкен де, бала болса да Керейхан да себепші. Сол үшін Керейхан мен Шәкен де еш жазасыз қалмады. Белсенділер оларды ауыр соққының астынан алып, сұлатып тастап жүре берді.

Түскі ас та жайында қалды. Әбламеттің бұйрығымен сол маңдағы жалпы жазасын өтеушілер мен екі жүз елуге жуық жасақ лезде тікесінен тік тұрды. Олар барлық жерді жүнше түтіп, битше қарады. Бірақ Сағидолла жоқ. Құдды бір жер жұтып кеткендей зым-зия. Бұл іздеу он-он бес күнге жалғасты. Сонымен ол ізім-ғайым жоғалды. Оны іздеушілер таң бозынан тұрып тұс-тұсқа кетеді де, күн бата құр қайтып оралады. Арада тағы біраз уақыт өтті. Тіпті, оны «көрдім, білдім» деген жан болмады. Біреулер бір жерден бір бейсауат адам көріпті десе тағы жақсы ғой. Сол маңға адам жіберіп, ақтарып-төңкеріп қарайтын. Ал, Сағидолланы ел ақырында қайдан іздеп, қайдан табарын білмей ділгірді. Қашқан қашқын туралы алыс-жақын аймақтардың бәрі тегіс құлағдар болған. Жер-жердегі сақшы мекемелеріне қашқынның суреті ілініп, жұртқа да толық жария етілген. Бір күні таңғы астың алдында Әбламет жаза лагеріндегілердің бірін қалдырмай шұғыл жинады. Көпшілік алдында шығып, нығыздана сөйлеген ол кеше кеткен жоқшылардың Сағидолланың мәйітін тауып келгенін жеткізді. «Бірақ адам денесі алуға келмейді. Шыжыған күннің ыстығымен әбден сасып шіріп кеткен. Тіпті, көзін қарғақұзғын шұқып, етін ит-құс жеп кетіпті. Негізгі дене бітімі еңгезердей, Сағидолланың дәл өзі. Иә, бұл – айна-қатесіз сол. Бұл алқапта одан басқа біреудің айдаладағы шөлге барып, көз жұмуы мүмкін емес. Мәйіт Сағидолланікі, оған ешкімнің күмәні болмасын» деп кесті. Сонымен олар Сағидолланы біржола өлдіге шығарып, ондағы адамдарға «кімде-кімге қашам десе жолы ашық. Бәрінің де көретіні сол. Жер жүзінде «Барсакелмес» атанған бұл шөлден адам тұр ғой, ұшқан құс, қашқан аң тірі құтылып көрмеген», – деп ескертті.

Осыдан соң Сағидолланың лагерьдегі сапастары арасындағы күбір-сыбыр көбейіп, есекаяң желдей есіп жүрді. Біреулер: «Оған обал болды, қашам деп несі бар екен байқұстың. Бостан босқа ит-құстың жемі болды. Басқасын қойшы иен далада жүзі жасырусыз қалды-ау, сорлының» деп күйінсе, енді біреулер: «Кім білсін, өлген адам ол емес шығар. Бір де болмаса тағы бір жерден дерегі шығып қалар» деп үміттенген. Ал, жергілікті ұйғырлар болса, Сағидолла қаңғып жүріп шөлден ұшып өлгенін, енді біреулері иенде қасқыр жарып кеткенін айтып шуласып жүрді. Әйтеуір, ел арасындағы алыпқашпа әңгіме көпке дейін толастаған жоқ.



Кезінде су жылқысы тіршілік еткен Лобнор көлінің ядролық сынақтан кейінгі көрінісі.

Негізі Сағидолла түрмеден қашуға ел тегіс тепкіге ұшырап, кейбіреулер аштық пен сырқаттан көз жұма бастаған сәтте-ақ бекінген. Алайда арада Қойымхан келіп тағы бір үміт оты жылт ете қалған соң ақсақтың аялына бағып, оны кейінге созып жүрген. Енді Қойымхан болса кетті. Мұның кесірі бір тисе, жаңа келген басшы Әбламетке тиеді. Онсызда ұйғыр біткеннің қазақ десе кірпідей жиырылып, қас жауындай санайды. Сағидолла сол күні нанды алған соң лагерь ауласына қайтып келген. Келген бойда ол асханаға бармастан қақпа алдындағы сиыр байлап жүрген лапастың жертөлесіне кіріп жасырынған. Ол осыдан біраз уақыт бұрын лапастың жеріне төселген тақтайдың атынан бір қолайлы орын көрген. Әр күні малға жем-шөп саларда оның астына түсіп, ішін реттеп басы артық керек-жарағын сонда жасыра берген. Соңғы көздері лапас астына бірде түрменің үлкен сары сиыры, енді бірде есік пен төрдей ақ өгізі байлулы жататын. Ондағы малдарға қарайтын, басқа да алып кел, барып келге баратын – сол баяғы бала Керейхан. Бірақ Сағидолланың лапастың жер төлесіне жасырынып жүргенінен Керейхан да мүлде бейхабар. Білген де, сезген де емес. Білсе де тіс жармас еді.

Сағидолла сол күні алып кеткен нанын жертөлеге жасырып, азық етіп, жарты айдан астам уақыт өткізді. Күндіз тырп етпестен жатады. Ал түндерде түлкіше жортып, алыстау ауылдың тұрғындарынан өзіне қажетті киім-кешек, азық-түлік олжалап қайтады. Бар бітірері сол – қу тамақ пен алыс сапардың қамы. Осылайша жақын жерден жайлы орынға жайғасқан ол, жаза лагеріндегі бар жайдан да хабардар. Тіпті, өзін ат сабылтып іздеп жүргендердің не айтып, не бітіріп келгендерінің де бәрін біледі. Сонымен тәңіріктің төртбұрышынан оны іздеп сабылғандардың аяғы ақыры Сағидолла өліпті деген хабардан кейін сап тиылған. Ел де әбден күдерін үзе бастаған соң ғана жолға шыққан. Сағидолла құла түздегі құба шөлден жол тауып кетудің қаншалықты қиын әрі қатерлі екенін біледі. Бірақ біле тұра белді бекем байлаған. Не соры, не жолы болар. Әйтеуір, көңілге «ер азығымен бәрі азығы жолдан» деген сөзді медеу тұтқан. Сағидолла Сексентам маңынан ұзап кеткенше еш жерге кідірген жоқ. Тек аялдамай, аптықпай алға жылжи берген. Ол алғашқы он күнде тоқтаусыз жүрген. Онда да күндіз көзге түсіп қалам ба деп, ылғи да түнделете берген. Несі бар? Түн жарықтық жүруге де қолайлы. Біріншіден, салқын. Екіншіден, ел көзінінен таса. Тек барар бағыттан жаңылмаса болғаны. Енді ол бұдан әрі күндіз-түні қарманып, қарға адым жер болса да артта қалдыра беруге тырысты. Қанша күн, қанша ай жүрері белгісіз. Бастысы қазақ даласына жетсем болды, кері қайтпаспын. Егер тағы да біреулер кері қайтарамыз десе, сол жақта өлейін, сүйегімді қайтарсын» деп іштей бекінген...

**IV**

Екінті мен ақшам арасы. Сағидолла Күшәр қаласына жақын маңдағы бір ауылға кірді. Ауыл тұрғындары біріне-бірі қарайтын емес, кешкі мал бөлумен әбігер. Сағидолла да қолына таяқ алып, күні бойы мал соңында болған бақташылардың бірінің кейпінде ауылға енген. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды. Ары-бері өткендер арасынан мынау қазақ-ау дейтін ешкім көзге түспейді. Бәрінің де түр-тұлғасы, бөгенайы бөлек жандар. Ит арқасы қиянға қаңғырып барып қалған біреу болмаса қайдағы қазақ дейсің мұнда. Көзге түсетін де қисын жоқ қой. Ондағылардың дені ұйғырлар мен моңғолдар. Одан қала берсе азын-аулақ дүнгендер мен қытайлар. Ауыл тұрғындарының бар тірлігі мал мен егін көрінеді. Кейбіреулері өрістен оралған малын қоралап жатса, енді біреулері үйлеріне қарай беттетіп барады. Дәл осы сәтте Сағидолланың ту сыртынан семіз торы бие жетелеген бір егде жастағы ұйғыр адам өте шықты. Бір иығында шумақталған арқаны, бір қолында темір қазығы бар. Әлгі адам ешқайда бұрылған жоқ, биені жетелеген бойы ауыл сыртына шығып кетті. Сағидолла теке мүйізі көрінетін жерден баспалап соңына түсті де, таса-тасадан сығалап, аңдыды да жүрді. Қария көп ұзаған жоқ, жетегіндегі жылқысын ауыл сыртындағы ескі қорған ішіндегі шаппалықтың шетіне арқандап кері қайтты.

Іңір алды. Дала жап-жарық. Күн батып кеткенімен, аспан әлемін торлаған қызыл алау әлі сөне қоймаған. Сағидолла бас-аяқты көп шолды. Ат арқандап қайтқан қарттың ізімен кері қайтып келе жатып, жол бойындағы бір үйдің қорғанынан асып түсті. Аула іші тымтырыс, ешкім көрінбейді. Тек екі бөлмелі шағын балшық үйдің есігі айқара ашық тұр. Абайлау керек. Адамы қайда? Есігі ашық тұрғанына қарағанда біреу болуы да ықтимал. Ол барысша баспалап барып үй босағасынан сығалады, үйде жыбыр еткен жан жоқ. Ауыз үйдің бір бұрышында күлді-көмеш от жағатын ошақ. Ошақ маңы ретсіз қойылған ыдыс-аяқтан адам адасатындай. Енді ол есігі жартылай ашық тұрған ішкі үйге үңілді. Үй іші көк түтін, көзді ашытады. Тамның оң қабырғасына жапсарлай қойылған темір төсекте біреу шалқадан жатыр. Басын есікке, аяғын төрге жіберген әлгі адам ояу жатқан секілді. Анда-санда бір қозғалып, қолындағы ұзын сапты түтікшемен қорқорын құшырлана сорады. Дәл осы сәтте ол үйдегі бар мүлікті, дүн-дүниені бірақ көшіріп әкетсең де сезетін емес, өз әлегі өзінде. Сағидолла аялдаған жоқ. Кері шегініп, ошақ басындағы ыдыс-аяқтан азық керегін алды. Үлкен ұн қалтасына жартылай салулы тұрған ас тұзының үстін шай, шәйнек, сіріңке мен пышақ, тағы бір ас пісіретін шағын ыдыс сияқты заттармен толтырып алып шыға жөнелді. Көп өтпей қас қарайып, ымырт үйірілді. Ел орынға отырған тұста Сағидолла бағанағы өзі көрген торы биені аяғындағы арқанымен ноқталап мініп, аттанып кетті.

Жым-жырт түн. Жұлдызды аспан. Дүңкдүңк еткен аттың аяқ дүбірі ғана естіледі. Ол қатты жүріп атын қинаған жоқ, тек семіз малдың қызып май болуынан қорқып, бір сарыннен ілбіп ғана келеді. Сол аяңмен Сағидолла келесі күні түске қарай Күшәр қаласынан сексен шақырымдай қашықтықтағы иен жатқан Ешкілік тауына шығып бірақ жайғасты.

Тұмса табиғат, тұнық ауа. Жанға жайлы-ақ, шіркін. Баяғы жайлаудағы жаңа қонысқа көшіп түскен елді еске түсіреді. Қалың қарағайлы қапталдан мың құбылта сайраған құстардың үні, шөп арсындағы шегірткенің шырылы жарыса шығып құлақ тұндырады. Маусым айы аяқталып қалғанымен, Ешкілік тауының жотажондарында әлі де қар жатыр екен. Сағидолла енді осы жерде біраз уақыт болып, өзіне күтім жасамақшы. Астындағы атын сойып, мейлінше бір сорпалангбақ. Басқа амалы да жоқ, күйі тым төмен. Түрмеден сіңіріне сүйеніп әзер шыққан жанда не күй болушы еді? Енді біраз тойып ас ішіп, күтінбесе оның мына түрімен шекара асып елге жетуі былай тұрсын, орта жолда демі үзілер түрі бар. Торы биені қолға түсіргендегі құрған жоспары, ойлаған ойы да осы болатын. Алдымен сорпа-су ішіп, әбден қуаттанып алған соң белді бекем байлап, «бісміллә» деп алыс сапарға аттану. Кешегі нашақордың үйінен алып шыққан орта қап тұз да, ас пісіруге арналған ыдыс-аяқ пен пышақ та бәрі-бәрі де соның қамы.

*Жалғасы келесі санда.*

Кабанбай батыр кошесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ПОДПИСАН ПЕРВЫЙ ПРОЕКТ




ТОО «Ак-Булак Продукт» один из первых проектов по Республике Казахстан, который получил в рамках поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства, занятых в сфере обрабатывающей промышленности государственную поддержку и подписал договор по Программе портфельного гарантирования. При портфельном гарантировании Банк самостоятельно рассматривает заявление Заемщика о финансировании и принимает решение о выдаче кредита под гарантию Фонда. Компания расположена в Саркандском районе. Основным направлением деятельности компании является выпуск молочной продукции, содержащей низкий уровень жирности, обезжиренное молоко 2,5%, кефир-1,5 %, сметану-5-10%, сыр голландский, сыр чечил весовой. Для производства данных продуктов используется цельное молоко 1 сорта. ТОО «Ак-Булак продукт» - является единственным производителем молочной продукции в Саркандском районе, доля на рынке около 70%. «Получив кредит в ДБ АО Сбербанк России» под 6%, мы сможем не только расширить, но и модернизировать оборудование по производству молочной продукции. Это большая поддержка со стороны государства и Фонда «Даму» - рассказывает единственный учредитель компании Аркабаев Бакыт Ергазинович. Сегодня на предприятии производится 10 видов молочной продукции. Вся производимая продукция компании реализуется частным магазинам г.Саркан, Алакольского района и близ лежащих поселков и сел, а также, поставляется во все крупные магазины города Талдыкорган.

**Соб. корр.**




***Последний месяц зимы небогат на праздники. Поэтому многие с радостью восприняли влияние глобализации, которая познакомила с Днем святого Валентина. Его отмечает почти весь мир. В том числе и наш Казахстан.***

# 14 ФЕВРАЛЯ... ЧТО ОН ИЗ СЕБЯ ПРЕДСТАВЛЯЕТ

**ЗАЧЕМ? И КОМУ ЭТО НУЖНО?**

День Святого Валентина или День всех влюбленных, самый романтичный праздник и его отмечают в большинстве стран мира 14 февраля - в этот день на протяжении более полутора тысяч лет люди признаются друг другу в любви. Любопытно, что изначально празднование памяти Святого Валентина было установлено как почитание его мученичества, без какой-либо связи с покровительством влюбленных. Постепенно День Святого Валентина из католического праздника превратился в светский. Этот праздник многие отмечают с удовольствием, хотя он не числится в календаре среди официальных праздников. В Европе этот праздник широко отмечают с XIII века. В Англии раньше вырезали деревянные "ложки любви" и дарили их своим любимым. Их украшали сердечками, ключами и замочными скважинами, что символизировало — путь к сердцу открыт. Я считаю что для влюбленных нет дня или же времени для того чтобы отметить что они рядом друг с другом. Так же у них нет повода для подарков, в какой-то определенный день, каждый день, каждый час, проведенный рядом с любимым человеком - праздник для души. Но, к сожалению, у нас это уже так вошло в привычку, что даже школьники дарят друг другу «ВАЛЕНТИНКИ». Нам нужно перестать праздновать «ДЕНЬ СВЯТОГО ВАЛЕНТИНА». А как это сделать...? Нужно отвлечь ребенка от всего этого и не показывать пример на себе, ведь дети завтра это все что мы делаем и показываем сегодня. Оказывается, ежегодно начиная с 2012 года, 14 февраля отмечается Международный день дарения книг, который объединяет всех, кто дарит книги детям и прививает им любовь к чтению. В этот день принято дарить книги, в первую очередь, детям, а также тем, чьи возможности к доступу к чтению книг по тем или иным причинам ограничены. Прекрасный праздник, я думаю. Почему же нам не заменить «ДЕНЬ СВЯТОГО ВАЛЕНТИНА» на «ДЕНЬ ДАРЕНИЕ КНИГ» начиная со школ и потихоньку может это и войдет в привычку. Надеюсь, в будущем мы таким оброзом сможем воспитать в себе показывать только хороший пример нашим детям.



**А. МУРАТОВНА**

**ДЕТИ В СМАРТФОНАХ. КАК ЖЕ ИХ ЗАЩИТИТЬ И ВООБЩЕ НУЖНО ЛИ ЭТО…? СОВРЕМЕННЫЙ МИР НАЗЫВАЮТ ИНФОРМАЦИОННЫМ ВЕКОМ. НЕВОЗМОЖНО ПРЕДСТАВИТЬ СЕБЕ НАШУ ЖИЗНЬ БЕЗ СМАРТФОНОВ, ПЛАНШЕТОВ И КОМПЬЮТЕРОВ. ДЕТИ НЕ ОСТАЮТСЯ В СТОРОНЕ ОТ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ.**

# ВАШ РЕБЕНОК И СМАРТФОН

Если раньше для ребенка самой желанной игрушкой была, например, машинка с дистанционным управлением или кукла Барби, то сегодня дети все чаще просят у родителей смартфон или планшет. Планшетный компьютер или просто планшет, подключаемый к интернету. В наши дни ученые все еще продолжают изучать пользу и вред технических новинок для ребенка. Но не приобрести такой объект желаний своему ребенку на Новый год или день рождение с каждым годом становится все сложнее. Но прежде чем покупать малышу планшет, подумайте, как сделать так, чтобы этот подарок не нанес вреда. К примеру, дети становятся все больше «планшетозависимыми». Если ребенка лишить любимой электронной игрушки, разразится настоящая истерика. Зависимые от планшетов дети перестают играть настоящими игрушками, теряют интерес к живому общению, им становится скучно на детских праздниках. По данным исследований, число детей регулярно пользующихся планшетами, в развитых странах достигает 90%! Наряду с несомненной пользой, они несут детям и колоссальный вред. Но жить нужно интересно. В современном обществе не обойтись без электронных гаджетов, и ребенок, не умеющий пользоваться, к примеру, мобильным телефоном, с большой долей вероятности будет выглядеть «белой вороной». Давайте проанализируем все за и против, чтобы каждый родитель мог определиться знакомить малыша с электронной забавой или нет. Этот огромный поток информации несет в себе как благо – возможность общаться со всем миром, получать образование, развивать свои интересы, так и различные угрозы. И если взрослые как-то еще могут контролировать и выбирать, что смотреть или не смотреть, то для ребенка определить безопасный контент не так то просто.

**Вред от планшета для детей**

1. Ухудшается зрение ребенка
2. Ухудшается осанка
3. Ребенок перестает общаться с родителями
4. Доступность вызывает зависимость
5. Истеричность
6. Бессонница
7. Дети становятся еще более агрессивными

**Польза планшета**

1. Ребенок работая с планшетом развивает логическое и абстрактное мышление
2. Если программа планшета содержит головоломки, развивающие логические игры для малыша соответствующего возраста то это хорошо повлияет на развитие малыша
3. Гаджеты очень выручают родителей в некоторых случаях.
4. Навыки учебы и работы детьми осваиваются в несколько раз легче и быстрее при помощи планшетов

Да, споры о том, насколько вредны смартфоны, не прекратятся, наверное, никогда. Одни ученые говорят о том, что их излучение оказывает сильное воздействие на мозг, другие - что незначительное. В результате производителей обязали обозначать уровень излучения смартфонов (SAR) на коробках с гаджетами.

В число смартфонов с самым сильным излучением вошли гаджеты компаний Xiaomi и OnePlus. К таким выводам пришли эксперты компании Statista. Рейтинг устройств с наиболее мощным излучением возглавил смартфон Xiaomi Mi A1, вторым стал OnePlus 5T, а третьим – Xiaomi Mi Max 3. Всего в список потенциально опасных гаджетов попали четыре смартфона Xiaomi (помимо названных выше, Xiaomi Mi Mix 3 оказался шестым, а Xiaomi Redme Note 5 – 15-м) и четыре OnePlus (OnePlus 6T стал четвертым, OnePlus 5 – восьмым, а OnePlus 6 – 13-м). Кроме того, достаточно мощным оказалось излучение от iPhone 7 и iPhone 8 (девятое и 14-е места соответственно), Sony Xperia XZ1 Compact (десятая позиция), HTC U12 Life и HTC Desire 12/12+ (пятое и 11-е места), Google Pixel 3 XL и Google Pixel 3 (седьмая и 12-я позиции), а также ZTE AXON 7 mini (16-е место).



Хорошей новостью является то, что большинство новых смартфонов, которыми пользуется большая часть общество, находятся в основном в нижней части списка.

Так стоит ли давать ребенку планшет или смартфон? Решать, конечно же, родителям. Психологи утверждают, что «благодаря» планшетам можно упустить своего ребенка. Но, если вы все же приняли решение обучить своего малыша пользоваться гаджетом, то обязательно контролируйте время, проведенное за планшетом. Не стоит разрешать использование гаджета перед сном и более получаса в день. Лучше всего чтобы гаджеты были чем-то не обыденным. Чаще говорите с ребенком, уделяйте ему время. Нередко бывает, что родители, видя как ребенок увлечен игрой или социальными сетями не обращают внимание на это и спокойно занимаются своими делами. Несомненны и плюсы таких устройств. Они могут помогать в обучении, развивать определенные навыки, обогащать знания ребенка. Но взрослым нужно пользоваться такими помощниками очень осторожно. Потому что очень быстро из доброго друга планшет может стать их злейшим врагом.

**А. АКЫБАЕВА.**

# ЛУЧШИЕ ПЛОВЦЫ ТАЛДЫКОРГАНА




На базе Назарбаев Интеллектуальной школы города Талдыкорган состоялись городские соревнования по плаванию среди учащихся общеобразовательных школ № 19, №14, №28, Назарбаев Интеллектуальной школы. Городские соревнования по плаванию стали традицией школы, и в этом году он прошел под эгидой Года молодежи. Лучшие пловцы школ города соревновались в дистанции 25 м вольным стилем, также продемонстрировали жаркую борьбу и стремление к победе в эстафете 4 х 25 метров. В общекомандном зачете первое место заняла команда Назарбаев Интеллектуальной школы. На втором месте – средняя школа-гимназия №19, третье место завоевала средняя школа-гимназия №14. Лучший результат среди мальчиков показали – Турганбеков Санжар, ученик 8 «С» класса и Кабылет Казбек, ученик 11 «В» класса Назарбаев Интеллектуальной школы. Среди девочек – Кастеева Камилла ученица 8 «В» класса и Абдрахманова Жанна ученица 11 «А» класса той же школы.

**Д. ДУАНБЕКОВА.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

• МАМАН МІНБЕРІ

# МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

**Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңының қабылданып, қолданысқа енгеніне біраз жылдар өтсе де күні бүгінге дейін «Медиация туралы» Заң толыққанды жұмыс істемей тұр деп айта аламыз. Бұл жерде заңның толыққанды жұмыс істемеуінде бірнеше түйіткілді мәселе бар екендігін айтуымыз керек.**

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады.

Негізінде медиация деген қазаққа жат нәрсе емес. Атам қазақ ерте заманда жер дауы, жетім дауы, жесір дауы сияқты күрделі дауларды халықтың беделіне ие болған билерге жүгіну арқылы бітімгершілікпен шешіп отырған, бітімгершілік екі тарапты да қанағаттандырған.

Осыдан шығатын қорытынды алдағы уақытта да медиация заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын пәрменді жүргізу керек, ол – ортақ міндет. Оған барлық құқық қорғау органдары, билік өкілдері, қоғамдық ұйымдар атсалысуы тиісті. Себебі, дауды ушықтырмай, сотқа жеткізбей медиация тәртібімен шешу қарапайым халық үшін өте тиімді әрі қоғамда әлеуметтік шиеленістерді болдырмаудың кепілі болмақ. Бұған барлық дамыған мемлекеттердің тәжірибесі айғақ. Дамыған мемлекеттерде қоғамда туындайтын даулардың 90 пайызға жуығы сотқа жетпей медиация тәртібімен шешіледі. Сондықтан барша жұрт, қоғамдық ұйымдар, құқық қорғау органдары, атқарушы билік өкілдері Қазақстан Республикасы «Медиация туралы» заңының қолданылу аясын одан әрі кеңейту жұмыстарын жүргізуге атсалысады деп үміттенеміз.

**Айнұр СЕЙІЛХАНОВА,**
**Талдықорған қалалық сотының бас маманы.**

БІТІМГЕРШІЛІК

**Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Судьялар одағының V съезінде сот тәртібімен қаралуға жататын дау-дамайларды азайту мәселесіне назар аударуды, соттан тыс реттеудің баламалы әдістерін, соның ішінде бітімгершілік және медиация процедураларын енгізуді тапсырған болатын. Осыған орай, 2011 жылдың 28 қаңтарында «ҚР-ның Медиация туралы» Заңы қабылданды. Аталған Заңға сәйкес Қазақстанда даулардың баламалы шешудің жаңа түрі – медиация енгізілді.**

# ТАТУЛАСУ РӘСІМДЕРІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА

Осы жылдары халық та медиацияның тиімділігін түсіне бастады. «Келісіп пішкен тон келте болмас» дегендей татуластырудың тиімді жолын әрбір азаматтың сотқа жүгінбестен қолдануына барынша қолайлы жағдай жасауға септігін тигізер мына бір ұсыныстарымызды ортаға салғымыз келеді.

Біздің ойымызша мынадай жайлар негізгі түйіткілді мәселелер болып табылады: мәселен, тараптар көбіне медиаторларға сыйақы төлеу қажеттігі себептері бойынша медиаторға жүгінуге ықылас білдірмейді. Соған байланысты, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу және медиаторлардың сыйақысы мөлшерін реттеу қажет. Азаматтардың (мысалы, зейнеткерлер, мүгедектер, жүкті әйелдер т.с.с) кейбір санаттары үшін яки жеңілдіктер қарастыру керек сияқты.

Татуласу рәсімдерін арттыру мақсатында қолданыстағы заңнамаға өзгеріс енгізу қажет. Атап айтқанда, белгілі іс санаттары (мысалы, отбасылық, еңбек, жер, банк жәнен басқа) бойынша медиация тәртібімен дауды сотқа дейінгі реттеудің және дауды медиация тәртібімен шешу мүмкін еместігі туралы медиатордың қорытындысы болған кезден ғана сотқа жүгінуге мүмкіндігінің міндетті тәртібін енгізудің пайдасы зор болар еді.

Тұрғын халықты қызықтыру мақсатында медиативтік келісімнің атқару құжатына нотариалдық құжаттағы жазбаға ұқсас күш берудің де тиімділігі зор болары даусыз.

Соттарда медиация жүргізу үшін татуластыру рәсімін жүргізу мерзімін ұлғайту қажет және тараптардың дауларын бітімгершілік жолмен шешуге ықылас білдірген жағдайында тараптардың дауды татуласу жолымен шешуді, демек, тиісінше кез келген жағдайда қолайлы келісімге келу жолын табуы тиіс екенін жоққа шығармайтындықтан кейіннен осы рәсімнен бас тартуларына тыйым салынса да көп нәрсені ұтар едік.

Азаматтар мен заңды тұлғаларды дауларды соттан тыс баламалы тәртіппен, соның ішінде медиация тәртібімен шешуге ынталандыру мақсатында сотқа талап арыз беру үшін мемлекеттік баж сомасын арттыру мәселесін қарастырған да жөн тәрізді.

Осылайша, татуластыру рәсімі жанжалға қатысушыларға дау бойынша неғұрлым қысқа мерзімде шешім қабылдауға, сот талқылауынан құтылуға, сот шығындарын қысқартуға, өзара қарым қатынасты қалпына келтіруге және сақтап қалуға мүмкіндік туғызады және бұл өздерінің туындаған дауларын бейбіт жолмен шешетін азаматтар санын арттыруға септігін тигізеді.

**Дархан ТОҚБАЕВ,**
**Алматы облысы МАЭС-ның судьясы.**

• ОЙ-ПІКІР

# МЕЙРАМХАНА ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ РӨЛІ

**Қазақстанда соңғы жылдар нарықтық экономика мен соған қатысты салалардың қалыптасуы жүзеге асырылуда. Осының әсерінен сұраныс пен ұсыныстың механизмі жұмыс істей бастады және бәсекелестің бірінші белгілері пайда болды.**

Бүгінгі таңда мейрамханалар – туризмнің маңызды саласының бірі болып саналатын қонақжайлық индустриясының құрамдас бөлігі. Мейрамханалар қызмет көрсету мен тұтынуда сапа аса үлкен маңызға ие. Сапалы қызмет көрсетусіз мейрамхана өзінің мақсат-мүдделеріне жете алмайды.

Жалпы, бәсекелестік дегеніміз – нарықта бірдей өнім немесе қызмет түрін ұсынатын кәсіпорындар арасындағы экономикалық жарыс.

Осы күреске төтеп беру үшін мейрамханалар көрсететін қызмет сапасын жоғарылатуы, бәсекелестікке қабілетті бағаны ұстауы, және де басқа әдістермен әлеуетті тұтынушыларды өзіне тартуы керек.

Мейрамхана бизнесі – тұтынушының жақсы демалуына қолайлы жағдай жасай отырып, сонымен қатар оның эмоционалды және эстетикалық қажеттілігін қанағаттандыра отырып, тұтынушыға жоғары сапалы тағамдар мен қызметтер түрлерін ұсынатын арнайы мамандандырылған қызмет түрі.

Қоғамдық тамақтану нарығында ұсынылатын өнім, қызмет, олардың бағасы, қарсыластардың бәсекелестігі тұтынушылар сегментіне байланысты икемделді. Мейрамханалар арасындағы бәсекелестікте сапаның және мейрамхананың өзі ұсынатын қызметтері мен өніміне қойған бағасы маңызды рөл атқарады. Елімізде бұл салада оңтүстік, Атырау, Ақтау өңірлері және Алматы, Астана қалалары кеш бастайды. Қазір мейрамханалар арасында клиент үшін бәсеке жоғары.

Бәсекелестерді, олардың күшті және әлсіз жақтарын зерттеу мейрамхана қызметтерінің компоненттерін қалыптастыруда көптеген қателіктерден аулақ болуға мүмкіндік береді. Мысалы, баға мен қызметтер ассортименті саясаты, жарнамалық және маркетингтік ақпаратты тарату, белгілі бір арналарды пайдалану, орналасу, дизайн, логистика және жабдықтардың бір түрін пайдалану. Кез келген мейрамхананың даму, өсу тарихында бәсекелестіктің маңызы зор. Себебі, бәсекелестік орта арқылы мейрамханалар жоғарғы сапаға, өз имиджін қалыптастыруға, мейрамханалық нарықта өз орнын алуға талпынады.

**Шұғыла АЛДАБЕРГЕН,**
**Алматы технологиялық университеті,**
**Туризм және сервистік қызмет көрсету кафедрасының студенті.**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

# Баршаның басты борышы

**Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, мерейін тасыту жолында егемен еліміздє іргелі істер атқарылып жатыр. Бодандық заманда жойылып кетудің аз-ақ алдында қалған ана тіліміздің абыройын асқақтатып, беделін биіктету тәуелсіз мемлекет болғалы бері қызу қолға алынды.**

Айталық, еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» күшіне енді.

Қазақ тілі – біздің ата-бабаларымыздың қаншама ғасыр бойы күресіп, қан төгіп, біз үшін, болашақ ұрпақтары үшін сақтап қалған ана тіліміз. Сонымен қатар ана тіл, яғни, ұлттық тіл – біздің мәдениетіміздің негізі және іргетасы. Сол себепті де қолдағы алтынның қадірін түсініп, қадірлей білгеніміз жөн.

Осы тәуелсіздік алған кезімізде басқаларға еліктемей, тілімізді барлық әлемге танытып, атын асқақтатуымыз керек. Ол болашақ ұрпақтың, яғни, біздің қолымызда. Керісінше, өзге ел бізге еліктейтін және қызығатын болуы керек. Бұл басқа тілді үйренуге тыйым салынады деген сөз емес. Әлемдік деңгейде дамыған орыс, ағылшын тілдерін де білу керек. Ол біздің жастарымыздың болашағы үшін қажет. Дегенмен де «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп Қадыр Мырзалиев айтқандай, өз тілімізге құрметпен қарап, биікке көтерейік!

**Жандос ҚАЙЫРКЕНОВ,**
**Талдықорған қалалық сотының сот приставы.**

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

# ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖАҒЫМСЫЗ ӘДЕТ

**Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүліктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғаларды және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүліктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.**

Бүгінгі таңда мемлекет ұйымдасқан қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес саласында ең басты назарды экономикалық даму процестердің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және қоғамдағы осы бір дерттің алдын-алуға аударып отыр. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты – оның алдын алу яғни, оның себептері мен шарттарын болдырмауға ықпал жасау керектігін ескерген жөн. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу.

Айтпақшы, жемқорлық құқық бұзушылықты хабарлаған және басқа да жолмен жемқорлықпен күреске атсалысқан тұлға мемлекет қорғауында болады. Қажет болған жағдайда, жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін органдар жемқорлыққа қарсы күреске атсалысқан тұлғаның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар қызметкері, яғни әр мемлекеттік қызметші алдында тұрған міндеттерін адал және нақты атқарумен қатар, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға, оның алдын алуға атсалысуды парызы ұстағаны абзал. «Дүниебайлық неге керек, денсаулығың болмаса,төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

**Ертіс ОМАРОВ,**
**Талдықорған қалалық сотының судьясы.**

ТӘРБИЕ

# ӘДЕПТІЛІК – ӘДЕМІЛІК БЕЛГІСІ

**Бүгін автобуспен үйге қайтқан едім үлкен әдепсіздікке жолықтым. Жүрегімнің ауырғаны соншалықты, көзімнен бір тамшы жас шығып кетті. Мен көңіліме қатты алған шығармын, алайда бұл мәселені қозғамау мүмкін емес.**

Жастар артында, ал үлкен кісілер алдында отыр екен. Мен отырған аялдамадан жасы шамамен 65-ке келген ата кірді. Атаның кіргеніне көз салмаған жүргізуші есіктерді жауып жүре жөнелгенде қарт кісі құлап кете жаздады. Бірақ ештеңе демеді.

Отыратын десе орын жоқ, орын беретін жастар автобустың артына жайғасқан. Алдыңғы орындықтардағы кісілер 40-50 жас шамасында, өздерін кәрі сезінді ме, жастар орын берсін деді де қозғалмады. Не деген сарандық деп таңғалдым, бір адам тұрып орын бермегеніне налыдым.

Біраз уақыттан кейін бір жігіт ұйқысынан оянып, орын берді. Қарттың аяғы ауырады екен, жүруі қиын, әрең дегенде сол орынға барып отырды. Жігітке үлкен рақметін айтты. Қазіргі жастардың үлкенді үлкен екен демейтіндігіне қарап қатты ашуландым. Осы оқиғаға қарап тұрып біз тәрбиелеп жатқан оқушыларымыздың әлдеқайда әдепті екендігіне көзім жетті. Сол автобустың артқы жағында менің сыныбымның ұл-қыздары отырса сондай бассыздық орын алмас еді деп ойладым. Себебі олар өмірде қанша қиындық көрсе де, мойымай, біздің, тәрбиешілердің берген тәрбиесін бойларына сіңіріп өсіп келеді.

Үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсетіп үйренген халық едік қой. Мына сан түрлі бояумен боялған заманда адамдар да өзгеріп бара ма, қалай өзі?.. Адамдардың тасжүрек болуына сонда не себеп? Бұған немқұрайлықпен қарауға болмайды. Тәрбие де, тәлім де – отбасынан. Үйде ата-ана, мектепте мұғалім, тәрбиеші күнделікті балаға тәрбие, адамгершілік, тәлім туралы айтып отырсақ, біздің ұрпақтан инабатты, ибалы, тәртіпті ұл мен қыз өседі деп сенемін. Әдептілік – әдемілік белгісі!

**Гаухар АПУКОВА,**
**Облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп интернаты КММ тәрбиешісі.**

СОТ ЖҮЙЕСІ

**ҚР Президентінің «Қазақстан 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыруы болып табылады делінген.**

# ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты өз кезегінде, Талдықорған қаласы, Текелі қаласы, Ескелді ауданы, Көксу ауданынан түсетін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап, заң талабына сай шешім шығарып келеді. Сонымен сот төрелігін жөнелту бойынша 2018 жылы сотқа 3369 әкімшілік іс, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 44, 45, 47-тарауымен 130 шағым келіп түсті. Азаматтардың жүріп-тұруын шектеуге санкциялау бойынша сотқа барлығы 223 материалдар түсіп, қаралған.

Сот жүйесін жаңарту мен халықтың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған Жоғарғы Сот Төрағасының бекітілген бағдарламасын іске асыру мақсатында Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Түнгі сот» пилоттық жобасы бойынша, 12 әкімшілік іс қаралған.

Шағымдалған іс шағым түскен күннен 3 күннің ішінде Алматы облыстық сотына уақытылы жолданып келеді. Сот актілерінің уақытылы орындалуы бойынша апта сайын кезекті отырыста талқыланып, әр судья және сот отырысының хатшылары орындалған және орындалмаған сот қаулылары бойынша есеп беріп, ескертпе хаттаралы жолдап жатқаны туралы хабарлайды.

Осы уақытқа дейін тараптар тарапынан судьялардың әрекеттеріне шағымдар мен арыздар түскен жоқ.

Қазіргі таңда сот саласында «Сот кабинеті» арқылы кіріс құжаттарды электронды тіркеу мәселесі өзекті мәселенің бірі болып, әрдайым алға қойылып келеді. Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында осы бағытта бірнеше іс-шаралар атқарылып келеді. «Сот кабинеті» сервисі электронды іс-қимыл арқылы сот өндірісін жеңілдетуге, сондай-ақ сот жүйесінің жеделдігін, қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында «Сот кабинетіне» арналған арнайы бөлме жабдықталып, «Сот кабинеті» арқылы мүмкіншілігі жоқ құзырлы органдарға әкімшілік істерін «Сот кабинеті» арқылы жіберуге барлық жағдай жасалған. Қазіргі уақытта, сотта барлық істер бейне-дыбыс жазбасымен қаралып, әкімшілік істер «Сот кабинеті» арқылы тіркеліп, тиісті шаралар ұйымдастырылып, осы бағыттағы жұмыстар дұрыс жолға қойылып келеді.

Елбасының «Қазақстан-2050» стратегиясы» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту» атты бесінші тараудың «Тәртіпсіздікке мүлде төзбеушілік принципін енгізу» бағыты бойынша бірнеше іс-шаралар ұйымдастырылып, атап айтқанда, жоғарғы оқу орындарының студенттерімен кездесу ұйымдастырылып, дәріс оқып, ашық түрде сот отырыстары өткізіліп келеді.

**Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,**
**Талдықорған мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



## АҢСАЙМЫН ЖАРЫҚ КҮНДІ

*Ақ дидарын көре алмай ата-анамның,*
*О,дариға-ай, қаншалық шаршағаным.*
*Сан құбылтып, күй шертіп, ән саламын,*
*Жарық әлем, сол менің аңсағаным.*

*Сағындым ақ жүздерін әкем мен анашымның,*
*Сіздерді сағынуға, аяулы ел, жаратылдым.*
*Сезесің бе, жанымның ауырғанын,*
*Қазақ елі, қандайсың, ауылдарым.*

*Қандайсыңдар, қарғам-ай, бауырларым?*
*Қайысқанын қарашы қабырғамның!*
*Сүйікті ән менен күй жанымның бар асылы,*
*Ән-күйім еркесі бол аспан жер арасының.*

*Құсы қандай даланың аңы қандай,*
*Төрт түлігі елімнің малы қандай,*
*Күні қандай аспанның айы қандай?*
*Қалың ойдан өттім ау арыла алмай!*

**Нұрдана АРҒЫН.**

# ЖАСҚАНУДЫ БІЛМЕЙТІН ЖАНАР

Қара көзілдірік киген бала, әуелете ән айтады, өлең шығарады. Жарық дүниеге келгенімен дүниенің жарық екенін көре алмайтын зағип. Тумысынан туған анасына жанарын қадай алмаған жандар. Көкірек көздері сайрап тұрғанымен, таяқ тастам жердегіні көрмейтін, жанары суланбайтын тағдыр иелері. Солардың бірі «Жанарыммен көрмесем де барлығын, Туған Отан сүйіп өтем мен сені», – деп жырлаған қазақтың қара домалақ баласы қолына қоңыр домбырасын алып, бүгінде қазақ еліне өз өнерін паш етіп жүр. Қос пернеден шыққан үні қазақтың кең байтақ жерін кезген жел сынды. Тұла бойыңды шымырлатып, тамырыңдағы қан тулайтындай. Жастайынан өнерге құштар Алғысбек Дәуен де, «Қарекет» бағдарламасы арқылы өз өнерімен танылып, көпшіліктің жүрегінен орын алған Нұрдана Арғын да Қытай Халық Республикасынан қоныс аударған. Көкірегі даңғыл қос азаматтың өнерлерін дәріптеуге Алматы облысы «Жетісу шапағаты» Қоғамдық қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен «Арман-ай» атты шығармашылық кеші өтеді.

Кеште Алғысбек пен Нұрдананың әндері орындалып, өздері де өнерлерін көрсетеді. Қазір қызу дайындық үстінде екеніне қарамастан Алғысбектен шығармашылық кешінің қалай өтетіні, кімдер қатысатыны туралы сұрап қайттық.

«Концертте менің әндерім мен қоса Нұрдананың әндері де орындалады. Мен қазіргі кезде тек әнін ғана жазып жүрмін. Ал, Нұрдана әнін де сөзін де өзі жаза береді. Қазіргі кезде қызу дайындық үстіндеміз. Облысымызда жеке шығармашылық кешіміз бірінші рет өтетіндіктен қобалжу бар. Үлкен жауапкершілік. Бүгінге дейін 40 шақты әндер жарық көрді. Соның оңға жуығы орындалатын болады. «Раян», «Керқұлан» топтары келіп, менің әндерімді орындайды. Бұрындары өзімді айтыстарда да сынап көргенімді білесіздер. Басымнан біраз қиын жағдайлар өтіп, тоқтап қалдым. Айтыс ізденісті талап ететін өнер. Алдағы уақытта айтысқа шыққым келеді. Өзімді шыңдағым келеді»,- деген Алғысбек болашаққа жоспарының көп екендігін жеткізді. Соның ішінде ең үлкен арманы – Алматы қаласында өз шығармашылық кешін өткізу. Бүгінге дейін Алғысбек біраз додаларда бақ сынап, талай жүлделерге ие болған. Былтыр өткен «Жырлайды жүрек» атты Мұқағали оқуларында ән номинациясы бойынша бас жүлдені иеленсе, Айгүл Бажанованың «Айгүлдің әндері» аты байқауынның 3-орын иегері атанған.

Әлеуметтік кедергілерді жеңе білген мүмкіндігі шектеулі жандар ғана қоғамдық өмірге белсене атсалысып, шығармашылық, көркемдік және интеллектуалдық әлеуеттерін арттырып, қоғамның толыққанды мүшесі бола алады. Шығармашылық және қоғамдық сауықтыру денсаулығы шектеулі жандарға күш-қуат беріп, рухани әлемін кеңейтіп, өмірге деген көзқарастарын жақсартудың бірден бір жолы. Өйткені, өнер әлемінде қоғамдағы барлық адамдар дәрежесі тең. Аталмыш шара ерекшелігі жанарларымен жарықты сезе алмаса да, жүректері ояу, өнерді сүйетін талантты жандардың өнерлеріне қолдау көрсету, шығармашылығын дамыту.

Екі өнерпаздың да арманы – өнерде орындарын тауып, еліне аз да болса өз үлестерін қосу.

**Г. БЕКСАУЫТҚЫЗЫ.**

# Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...

ПОЭЗИЯ КЕШІ ●

***Іліяс Жансүгіров – ақын, драмашы, прозашы, оның поэзиясы біздің ұлттық әдебиетіміздің үздік туындыларының көшін бастап тұр. Ақынның терең идеялы, көркем мүсінді, эпикалық кең тынысты шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні зор.Олар қалың оқырманның ойына ой, сезіміне сезім қосады, қиялына қанат бітіреді, эстетикалық ләззат беріп, гуманистік адамгершілік идеяларды толғайды.***

Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды да арынды ақыны, жыр дүлдүлі Іліяс Жансүгіровті әдетте, өзі шалқар шабыт, керемет құштарлықпен жырлаған Ақан серінің Құлагеріне ұқсастырады. Қос Құлагердің дүлдүлдігінде ғана емес, тағдыр жолында, қайғылы өлімдерінде де ұқсастық бар. Кемеліне келіп, ақындық бәйгесінде топтан озған тұлпардай суырылып алға шыққан шағында ақын тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, жұлдыздай ағып түсті. Десе де, дарабоз дарын айналасы 10 жылда проза мен драматургияда, әсіресе, поэзияда әдебиетіміздің алтын қорын айтулы туындылармен толықтырды. Биыл қазақ поэзиясының Құлагерінің туғанына 125 жыл толды. Сәйкесінше, бәйтерегіміздің мерейлі жасына орай, жер-жерлерде игі шаралар бастауын алып үлгерді.

Атаулы күнге орай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты поэзия кеші өтті.

Шара барысында Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ішінен құрылған «Іліястану» ғылыми орталығының қызметкерлері, филология ғылымдарының докторы, профессор Иманғазинов Мұратбек Мұбарақханұлы және филология ғылым-дарының кандидаты, доцент Қожағұлов Сайлау Қажыбекұлы біз білмейтін Іліяс әлемінен сыр шертіп, өз зерттеулерімен бөлісті. Бүкіл аудиторияны аузына қаратқан Іліястанушы ғалымдардың тағылымы мол сұхбаты жастарымыздың ақынның мұрасына деген қызығушылығын одан сайын арттырып, көрермен болып отырған кейбір жастарымыздың шабытын оятып, Іліяс атамызға арналған арнау өлеңдерінің санын толықтырды.

Ал Талдықорған бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледж студенттері ақынның поэзиялық шығармаларын нақышына келтіріп орындап, ыстық ықыласқа ие болды. «Білім» гуманитарлы-техникалық колледжінен студенттері Назерке Саяқова мен Назерке Смағұлова «Туған жер» әнін сызылтып орындап, поэзия кешінің көркін қыздырды, өз кезегінде жас әнші Берікболов Дәурен Берікболұлы болса еліне, отанына деген сүйіспеншілігін «Қазақстан – Гүлстан» әніне сыйғызып, көрермендерді әуелеген ән қанатында тербетіп, қошеметке бөленді. Кеш соңы қатысушыларға алғыс хаттар табыстанып, естелікке суретке түсумен аяқталды.

Шараға ЖОО-ның оқытушылары, білім ошақтарының ұстаздары, зиялы қауым өкілдері, кітапханашылар, БАҚ өкілдері, оқырмандар қатысты.

Артына өлмейтұғын із қалдырған ақын, жазушы І. Жансүгіровке арналған мерейлі кеш облыстық кітапханада осылайша аталып өтілді.

**Мөлдір ҚУАНДЫҚ,**
**С. Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының баспасөз хатшысы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ЧАСТНЫЕ СУДЕБНЫЕ ИСПОЛНИТЕЛИ... КТО ОНИ?

**Имангали Кудайбергенович!**

**В настоящее время все знают, что судебные решения в Республике Казахстан исполняются по мимо государственных судебных исполнителей и частными судебными исполнителями. Но, кто они частные судебные исполнители? В чем заключается их деятельность в осуществлении правосудия в Республике Казахстан?**

2 апреля 2010 года вышел Закон Республики Казахстан «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей». Этим Законом был определен статус частных судебных исполнителей наравне с государственными судебными исполнителями, где прописано судебный исполнитель – государственный исполнитель и частный судебный исполнитель, выполняющие возложенные на них законом функции по принятию мер, направленных на принудительное исполнение исполнительных документов. С августа 2011 года внедрен в Республике институт частных судебных исполнителей, открылись конторы частных судебных исполнителей. Организована Республиканская коллегия частных судебных исполнителей и филиалы в областях и городах Республиканского значения, которые впоследствии преоборазованы в Республиканскую палату частных судебных исполнителей Республики Казахстан. Республиканская палата частных судебных исполнителей – это некоммерческая, профессиональная организация, осуществляющая координацию деятельности частных судебных исполнителей и соблюдение ими законодательства Республики Казахстан об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей.

**Скажите пожалуйста конкретнее, чтобы читателям было более понятно, какие именно исполнительные документы обязаны исполнять судебные исполнители?**

Исполнительными документами являются: Решения судов по гражданским, уголовным делам, судебные приказы, постановления и определения всех судов, в том числе и военных судов, постановления органа (должностного лица), уполномоченного рассматривать дела об административных правонарушениях в случаях, предусмотренных кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях, судебные акты о взыскании налогов на движимые и недвижимые имущества владельцев о взыскании в пользу юридических и физических лиц, в том числе банков второго уровня, алиментов, недоимки и т.д., Постановления прокуроров, а также постановления частного судебного исполнителя об утверждении сумм оплаты его деятельности, в случае погашения задолженности должником минуя контору частного судебного исполнителя.

**Как и кем определяются индивидуальные показатели частных судебных исполнителей на определенный промежуток времени?**

Данный показатель определяется Министерством юстиции Республики Казахстан на месяцы, кварталы и по итогам года. Например: На конец 2017 года был установлен стратегический показатель в размере 54% из доли оконченных исполнительных производств от общего количества, находящихся на исполнении исполнительных документов у каждого частного судебного исполнителя. А на конец 2018 года установлен 59% исполняемости. Считаю, что данная установка не может быть реальным показателем деятельности частного судебного исполнителя, т.к. общее количество исполнительных дел у одного исполнителя может быть меньше, а у другого исполнителя в несколько десятков раз больше. Некоторые исполнительные производства могут пролежать месяцами без движения, при этом могут своевременно исполнятся, вновь поступившие дела в ином количестве. Возникает необходимость указать количество исполненных документов в соразмерном соотношении своевременно оконченных исполнительных производств. Частные судебные исполнители сами заинтересованы в исполнении дел поступивших к ним в контору, поскольку сроки их исполнения установлены законом и доходы частных судебных исполнителей прямо зависят от количества и качества исполнения.

**Имеются ли проблемы со взыскателями по взысканию в доход государства, в том числе налогов на движимые и недвижимые имущества?**

Вы задали очень важный вопрос. Органы государственных доходов привыкли взыскивать порою незначительные суммы налогов на имущество через суды. В основном это налоги на земельные участки, домовладения на автотранспорт и т.д. Недоимки по налогам взыскивались в судебном порядке и направлялись судебным исполнителям. Эти меры чрезмерно загружали каждого из судей рассматривать незначительные суммы взыскания, затрачивать на это уйму времени, когда органы государственных доходов сами могли вынести постановление о взыскании с должников и направить на исполнение судебным исполнителям. Взысканные суммы перечисляются в счет управления госдоходов с указанием данных должника. Однако, органы госдоходов не распределяют их в счет погашения от должников. Требуют, чтобы каждый должник лично сам вносил задолженность. В таком случае судебному исполнителю приходится выходить с письмом в адрес управления госдоходов о распределении в счет погашения задолженности должника с требованием ответа об исполнении. От взысканных налогов по 3,15,35,40,75 тенге на лицевом счете частного судебного исполнителя накапливаются миллионы тенге, которые своевременно не направлены органами госдоходов по назначению, и за это время на должников начисляется пеня, хотя исполнительное производство фактически исполнено и прекращено, что досконально указываются в платежных поручениях. Необходимо упорядочить данную ситуацию, чтобы органы госдоходов поступившие средства от имени должников сами распределяли по назначению. Ведь поступившие денежные средства по судебным актам у них зависают в компьютере. Пока судебный исполнитель не истребует денежные средства, они так и будут висеть не погашенными задолженностями, не поступив в местный, либо Республиканский бюджет.



**Всем понятно, что государственные судебные исполнители относятся к категории государственных служащих и их деятельность, заработная плата обеспечивается государством. А каким образом и кем определяется оплата деятельности частных судебных исполнителей?**

Принимаемые частным судебным исполнителем к исполнению все исполнительные документы оформляются его постановлениями. Постановлением частного судебного исполнителя возбуждается исполнительное производство. Постановление, удостоверенное электронной цифровой подписью частного судебного исполнителя, равнозначно постановлению на бумажном носителе. Частные судебные исполнители имеют такие же права и обязанности, которыми наделены государственные судебные исполнители. Разница в том, что частные судебные исполнители свою деятельность по Закону обеспечивают сами. Расходы по совершению исполнительных действий взыскиваются с должников. Размер оплаты деятельности частного судебного исполнителя с применением принудительных мер по исполнительным документам устанавливается Правительством Республики Казахстан. Исполнение должником исполнительного документа минуя контору частного судебного исполнителя не освобождает должника от уплаты понесенных расходов по исполнению и оплаты деятельности частного судебного исполнителя. Частный судебный исполнитель самостоятельно финансирует свою деятельность из полученных денежных средств в качестве оплаты за свою деятельность. Частный судебный исполнитель производит обязательные платежи по оплате расходов по содержанию (аренде) конторы, приобретению оборудования, ремонту и охране, по созданию рабочих мест и выплате сотрудникам заработной платы, обязательному страхованию гражданско-правовой ответственности частного судебного исполнителя, уплата налогов и других обязательных платежей в бюджет, взносов в региональную палату судебных исполнителей, обеспечению сохранности архивов конторы, пенсионные и страховые отчисления на каждого сотрудника и работника конторы, на целевые программы развития частной исполнительской деятельности, а также возмещают другие расходы, связанные с организационно-хозяйственным, транспортным и техническим обеспечением своей деятельности.

**Скажите пожалуйста, кто может быть частным судебным исполнителем и какие к нему предъявляются требования, для открытия своей конторы?**

Частным судебным исполнителем может стать гражданин Республики Казахстан, достигший двадцатипятилетнего возраста, имеющий высшее юридическое образование, получивший лицензию частного судебного исполнителя и вступивший членом в Республиканскую Палату. Отбор кандидатов проводится строго по инструкции, разработанной Министерством юстиции РК. Прошедшие стажировку лица, допускаются к тестированию. В допуске к аттестации отказывается, если претендент не соответствует требованиям. Так же не допускается ранее судимые и уволенные из государственных органов по отрицательным мотивам.

**Что Вы можете предложить для дальнейшего усовершенствования законодательства по исполнению судебных актов?**

Вопрос об исполнительном производстве подлежит коренному реформированию, радикальному изменению. Эта тема является актуальной потому, что в бюджет государства необходимо обеспечить своевременное поступление миллиардов тенге по исполнительным документам. Для этого необходимо не заваливать их ежедневными заданиями по подготовке ответов по малозначительным, не особо важным заданиям, не заставляя достижения стратегического плана по исполнению исполнительных производств на определенные периоды года, необходимо создавать им условия для исполнения своих прямых обязанностей. В данное время в день поступает по 4-5 заданий, постоянные запросы от всех судов, прокуратуры, органов внутренних дел, юстиции, проводятся проверки по всем жалобам должников, которые не хотят оплачивать задолженности, всячески умудряются находить причины для жалоб на действия судебного исполнителя, которые после разбирательств во всех госорганах и суде являются не подтвержденными.

Кроме этого в день по программе «Төрелік» поступают сотни дел не считая материалов зарегистрированных в региональной палате переданных в ручную. Чтобы получать эти материалы периодически в течение трех дней необходимо успеть их получить в региональной палате своим ходом, т.к. некому их доставить, развозить по судебным исполнителям. Считаю, что исполнительный институт имеет высокое актуальное значение, подлежит регулированию на высшем государственном уровне с досконaльным дополнением и изменением в Законе.

**На основании каких документов частные судебные исполнители производят свою деятельность?**

Частный судебный исполнитель – гражданин Республики Казахстан, занимающийся частной практикой по исполнению исполнительных документов без образования юридического лица на основании лицензии на право занятия деятельностью по исполнению исполнительных документов, выданных уполномоченным органом.

**А кто является уполномоченным органом частных судебных исполнителей в Республике Казахстан?**

В подпункте 9 статьи 1 Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» указано, что уполномоченный орган-государственный орган, осуществляющий реализацию политики и государственное регулирование деятельности в сфере обеспечения исполнения исполнительных документов. Данная неопределенность в изданном Законе считаю недоработкой при составлении закона Правительством РК. Неопределенность в Законе уполномоченного органа Палаты частных судебных исполнителей, отрицательно сказывается при решении вопросов между государственными органами, негосударственными организациями. При определении налогообложения с доходов, аукционов, проводимых частными судебными исполнителями. Например: В соответствии с пп.2 п.2 статьи 465 Налогового Кодекса РК предусмотрено, что с аукционов проводимых органами юстиции по принудительному исполнению исполнительных документов сбором налогов не облагаются. А органы госдоходов принуждают частных судебных исполнителей к оплате 3% налога от проведенного аукциона. Однако Министерство Юстиции Республики Казахстан согласно статьи 169 Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» осуществляет контроль за законностью совершаемых исполнительных действий частными судебными исполнителями, осуществляют государственное регулирование в сфере обеспечения исполнения исполнительных документов. Кроме того осуществляют отбор кандидатов на должность частного судебного исполнителя, проводит их территориальное распределение по местам, издают приказы по работе частных судебных исполнителей, проводит проверку их деятельности, принимают меры о наложении взыскания на частных судебных исполнителей. Одним словом ведет полный ведомственный надзор над частными судебными исполнителями, но по действующему Закону Министерства юстиции РК не может открыто заявить, что является уполномоченным органом судебных исполнителей в частности государственных и частных судебных исполнителей, т.к. осуществляет контроль за деятельностью не только государственных в том числе контроль за законностью деятельности частных судебных исполнителей, когда частные судебные исполнители проводят ту же работу что и государственные, под полным руководством Министерства юстиции РК. Хотя называется частным судебным исполнителем, их работа заключается полностью в исполнении государственных исполнительных дел, исполнении судебных актов и актов государственных органов.

**Имангали Кудайбергенович, позвольте мне вам задать вам последний вопрос.**

**Всем известно, что судебные исполнители вносят огромные вклады в пополнение бюджета страны. Так, оказываются ли со стороны государственных органов поддержки, помощи в осуществлении деятельности судебных исполнителей?**

Да. Все государственные органы, прокуратура, суды, налоговые, органы, полицейские службы заинтересованы и оказывают всяческую помощь и поддержку. По обращениям частных судебных исполнителей прокуратуры оказывают практическую помощь в установлении местонахождении должников, принудительной доставке в конторы частных судебных исполнителей. Судьи представления частных судебных исполнителей стали рассматривать в сжатые сроки в течении суток со времени их подачи в суды. Банки и другие организации не задерживая дают ответы на запросы. Министерством юстиции и его подразделениями в регионах совместно с правоохранительными органами, судами разрабатываются и внедряются новые методы по исполнению судебных решении своевременно и качественно, применяются новые методы и эффективности исполняемости, по приводу, розыску должников, водворению транспортных средств должников в штрафную стоянку, запрета выезда должников за пределы республики, запреты натори-альных сделок, временные ограничения водительских прав должников и во многом другом содействуют судебним исполнителям. Ведь согласно пункту 3 статьи 76 Конституции Республики Казахстан, части второй статьи 21 Гражданского процессуального кодекса РК, судебные решения имеют обязательную силу на всей территории РК и обязательны для исполнения всеми физическими и юридическими лицами, в том числе и государственными органами. В соответствии с ч.1 ст.128 Закона РК «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» предъявляемые судебными исполнителями требования по исполнению судебных приговоров, решений и определений обязательны для всех органов, организаций, не зависимо от их формы собственности, должностных лиц и граждан. В первых порах деятельности института частных судебных исполнителей общественность и руководители организации, физические и юридические лица не были достаточно осведомлены о правах и обязанностях частных судебных исполнителей, поэтому не реагировали на их вызовы, отказывались в получении извещений, повесток, уведомлений. Термин «Частный судебный исполнитель» вводили в заблуждения. Благодаря усиленным разъяснениям Департаментов юстиции, государственных органов, публикациями в СМИ, телевизионных передач должники взыскатели стали относиться к частным судебным исполнителям с уважением, оценивать их достоинства и должности. Систематически проводятся обучения частных судебных исполнителей и их помощников на курсах повышения квалификации. Принимаются электронные экзамены. Снизилась сумма оплаты членских взносов в Республиканскую Палату частных судебных исполнителей. Назначены на руководящие должности эрудированные, со стажем работы, ранее работавшие на руководящих должностях, более опытные, ответственные лица. На внеочередном съезде частных судебных исполнителей РК проведенного 27 сентября 2018 года Председателем правления Республиканской Палаты частных судебных исполнителей избран Ибраев Ернар Еркенович, много лет работавший на руководящих должностях в правоохранительных органах, в последние годы занимавший должность директора Департамента Министерства Юстиции РК по исполнению судебных актов. С его прибытием на данный пост усилилось обеспечение выполнения частными судебными исполнителями обязательств, наладились связи с государственными органами, общественными объединениями и с другими организациями по оказанию практической помощи частным судебным исполнителям.

**Спасибо за содержательную беседу, Имангали Кудайбергенович!**

**А. БУЛГАКОВ.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ЧЕМПИОНАТ

**Гиннес рекордтар кітабына енген спортшы Елубай Машаевтың құрметіне арналған қол күрестіруден және гір тасын көтеруден қалалық ашық чемпионат өтті.**



# ГІР ТАСЫН 920 РЕТ КӨТЕРДІ

«Жастар жылы» аясында ұйымдастырылған спорттық шара №4 орта мектепте өтті. Аталмыш додаға жалпы 150-ден аса спортшы қатысып, 24 салмақ дәрежесі бойынша үздіктерін анықтады.

Айта кетейік, шара барысында Елубай Мезамұлы 32 келі гірді 2 сағат уақытта 920 рет тоқтамай көтерді.

Жарыс соңында қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Әділет Рымтаев рекордсменге және оның жеке бапкері Нұрлан Құдайбергенұлына алғыс хаттар мен арнайы сыйлықтарды табыстады. Сондай-ақ, барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің медальдарымен, грамоталарымен марапатталды.

**Ж. ТАЖИЕВА.**

МАМАН МІНБЕРІ

# ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы – ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр.**



Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндеті айрықша. Халқымыз материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай. Сондықтан ежелден бала тәрбиесіне аса зор мән беріп, олардың жауынгерлік рухта ержетуін ұқыптылықпен қадағалаған.

Жалпы баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл әрекеті ойын арқылы басталады. Демек, бала үшін ойынның мәні ерекше. Ойын баланың негізгі іс-әрекетінің бір көрінісі болып табылады. Қазақ халқының ұлы ойшылы А. Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, ойын бала өмірінде ерекше орын алады. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай, олардың көзқарастарын, мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп те ерекше бағалаған.

Ойынды сабақта қолдану оқушының ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы деп білген. Бос уақытта әртүрлі ойындар ойнаған баланың денсаулығы үшін өте пайдалы. Сондықтан жастардың ұлттық сана-сезімінің дамуында қазақтың ұлттық ойындарының алатын орны айрықша.

Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жетуін насихаттау – халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік.

**Қатай МАУЛЕНБАЕВ,**
**Е. Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі.**

ЖЕҢІС

# АЛТЫ ЖЫЛ КҮТКЕН АЛТЫН

**АҚШ-тың Парк-Сити қаласында фристайл және сноубордтан өтіп жатқан әлем чемпионатында Юлия Галышева могул түрі бойынша алтын медаль алды.**

Финалда Галышева 79,14 ұпай жинады. Күмісті австралиялық Энтони Жакара (78,99 ұпай), қоланы 2018 жылғы олимпиада чемпионы францияйлық Лаффон Перрин (78,70) иеленді.

Юлия Галышева осыған дейін 2018 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдесін иеленіп, 2011 және 2017 жылғы қысқы Азия ойындарының чемпионы атанған.

Қазақстан соңғы рет қысқы спорт түрлері бойынша 2013 жылы Сочиде өткен әлем чемпионатында алтын алды. Сол кезде конькимен 1000 метр жүгіру бойынша Денис Кузин бірінші келді.

Алдағы сайыстарда жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспіз.

**Айым СЕРІКҚАЛИҚЫЗЫ.**

БОКС



# ШАРШЫ АЛАҢДАҒЫ ЖАРЫС

Жамбыл аудандық спорт мектебінің ұйымдастыруымен Қарғалы ауылындағы №4 орта мектебінде бокстан жасөспірімдер арасында ашық біріншілік өтті. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы жарыста Жетісу өңірі мен Жамбыл облысынан 265 боксшы қолғап түйістірді.

Аудандардан 15 команда келсе, Тараз қаласынан – 2, Шу ауданынан 1 команда шеберліктерін сынады. Үш күнге созылған былғары қолғап шеберлері бәсекесінде жеңімпаздар анықталып, салтанатты жағдайда марапатталды. 24 келіден бастап 60-қа дейінгі түрлі салмақ дәрежесінде мерейі үстем шыққандарды атап айтсақ, ринг иелері жамбылдық Жәңгір Қуанышбаев, Еркетаң Жарқынбек, Нұржан Бегімбаев, Ерсұлтан Серікхан, Әли Ержанұлы, Ильхам Иманжанов, Зулфат Ярмухамедов, Аққайнар ауылынан Азат Ахметов, Құштар Исаұлы, Азамат Санатұлы чемпион атанды. Б. Қыдырбекұлы ауылынан Алмат Байдәулет, Аймұрат Ерғазыұлы, Жандос Бейсенғалиев, ұзынағаштық Өтеген Марат, Мәди Оразалы, Қарақыстақтан Жәнібек Самат, Іле ауданынан Айдарбек Құралбаев пен Оралбай Байғазы да қарсыластарын шақ келтірмеді. Қапшағайдан Қуаныш Әбдікәрім, Алмат Жұмабай, Әділ Жайлауханұлы, Жаркенттен Жәнібек Тұрсын, Ислам Исмайылов, Қарасай ауданы Бекболат ауылынан Ризат Тұрсынбек, Әділжан Аланұлы, Әліби Айдарханов, Жандосов ауылынан Бекейхан Пархат, қаскелеңдік Әлижан Нұрқанат, шамалғандық Абдусамад Карим, Тараз қаласынан Асқар Қуаныш, Байтөре Серік, Омар Лестай, Икрам Сайдахаров, Шу қаласынан Сұлтан Ентай топжарды.



**Жұлдыз МҰСАХАН,**
**І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 4-курс білімгері.**

БАМПЕРБОЛ

**Алматы облыстық «Жетісу» телеарнасының 20 жылдығына орай журналистер арасында бамперболдан жолдастық кездесу өтті.**





# ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ

Аталған шарада алматылық тілшілермен жетісулық журналистер өзара мықтыны анықтады. Жалпы, бампербол деген аты болмаса, бұл – кәдімгі футбол. Ойынның ерекшелігі мен мақсаты сол – домалақ шарды киіп алып, қарсылас команданың қақпасына гол кіргізу.

Жарыс қорытындысы бойынша ерлер командасында бас жүлдені «Жетісу» ұтып алды. Ал, екінші орынды және үздік үштікті алматылықтар еншіледі. Сондай-ақ, қыздар арасындағы сайыста бірінші орын «Алматы» командасына бұйырса, жетісулық нәзік жандылар екінші тұғырдан қол бұлғады.

Жарыс соңында «Жетісу» телеарнасының директоры Бейсен Құранбек жеңімпаздарды құттықтап, ақшалай сыйлықтармен марапаттады. Сонымен қатар, «Үздік қорғаушы», «Үздік ойыншы» номинациялары бойынша да ойыншыларға лайықты құрмет көрсетілді. Өз кезегінде сөз алған Алматыдан келген қонақтар жарыс ұйымдастырушыларына алғыстарын білдіріп, «Жетісу» телеарнасын 20 жылдық мерей тойымен құттықтады.

**А. САРҚЫТБАЕВА,**
**І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дың 4-курс білімгері.**

ВОЛЕЙБОЛ

# ЖАСТАР ЖЫЛЫНА АРНАЛДЫ

**Талдықорғандағы №17 мектепте Жастар жылына орай волейболдан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында БЖСМ-нің біріншілігі өтті. Додаға 12 команда қатысты.**

Шарада қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Қапалбай Әділбеков сөз алып, жарыс «Жастар жылына» орай ұйымдастырылғанын, еліміздің болашағы өскелең ұрпақ екенін айтып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Сайысқа командалар жоғары дайындықпен келгендігін көрсетіп барын салып ойнады. Жиналған командалардың қай-қайсысы да – бір-біріне тегеурінді қарсыластар. «Сен тұр, мен атайын» дейтін, сайдың тасындай іріктелген жастардың бәсекесі тартысқа толы болды.

Жарыс қорытындысы бойынша 2004-2005 жылғы қыздар арасында 1-орынды №15 мектептің, 2-орынды №26 мектептің командасы еншіледі. 2006-2007 жылғы қыздар арасында 1-орын №15 мектептің, 2-орын «БЖСМ» командасына бұйырды. 2004-2005 жылғы ұлдар арасында 1-орынды «БЖСМ», 2-орынды №26 мектептің, 3-орынды «БЖСМ-2» командасы жеңіп алды. 2006-2008 жылғы ұлдар арасында №15 мектептің оқушылары чемпион атанса, №25 мектептің команда тұғырдың екінші сатысынан көрінді. Ал «БЖСМ» командасы бес үздік үштікті қорытындылады.

**А. РЫСБАЕВА.**

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

# САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ



**Ағаз –** дауыс, үн.
**Ағаман –** бас көтерер басшы, ақылшы.
**Ағана –** садақа, көмек ретінде берілетін ақша.
**Ағзи –** ұлы мәртебелі, өте қадірлі, құрметті.
**Ағлан –** хабарлама, хабарландыру, құлақтандыру, жарнама.
**Ада-гүде –** біржола, мүлдем, бүтіндей, толығымен, тұтастай.
**Адақ –** дара.
**Ады –** текті.
**Ажиз –** әлсіз, күшсіз, дәрменсіз, қайратсыз; нашар, жаман.
**Азада –** оңаша, емін-еркін.

## ӨМІРЛІК КЕҢЕС



• Сізді жақтырмайтын адамдарға назар аудармауға тырысыңыз. Себебі сізді жақтырмайтындардың екі түрі болады: ақымақтар және қызғаншақтар. Ақымақтар бірнеше жылдан соң сізді жақсы көріп кетеді, ал қызғаншақтар сіздің артықшылығыңыз қандай екенін біле алмай іштен өледі.

• Адам үшін үміт – жанармай секілді. Үмітсіз ол өмір сүре алмайды.

• Есіңізден шығармаңыз, әр адамның өз шындығы бар. Ол сіздікімен сәйкес келмеуі мүмкін.

• Адамға бақытты болу үшін көп нәрсе керек емес. Қамқор өмірлік жолдас, жайлы үй және сүйікті балалары болса жеткілікті. Бірақ көп адам осыны кеш түсінеді...

## ТӘМСІЛ

# Әркімнің өз таңдауы бар

*Бір адам жағалауда кетіп бара жатып, теңіз жағасындағы құмнан әлденені алып, суға лақтырып отырған баланы байқайды.*




Оған жақындап барып қараса, қолындағысы – теңіз жұлдыздары екен. Ал ондай су жәндіктері бүкіл жағалауда, тіпті көптеген шақырымға созыла теңізді жағалай толып жатыр еді. Баланың әрекетіне таңғалған адам:

– Оларды неге суға лақтырып отырсың, – деп сұрайды одан.

– Егер оларды ертең таңертең судың қайтуы басталғанға дейін суға жеткізбесе, өліп қалады, – дейді бала жәндіктерді суға лақтыруын бір сәтке де тоқтатпай.

– Мұның ақылға қонбайды! Айналаңа қарашы, миллиондаған теңіз жұлдызы бүкіл жағалауды алып жатыр. Ал сенің бұл әрекетің ештеңені де өзгертпейді, – дейді адам баланың ісін күлкіге айналдырып.

Келесі теңіз жұлдызын қолына алған бала сәл ойлана:

– Жоқ, менің әрекетім көп нәрсені өзгертеді... міне, мына жұлдыз үшін, – деп қолындағысын суға лақтырады.

***Өзгелердің қайғы-мұңына мән берместен, олардың жандарынан жайбарақат өтіп жатамыз. Қандай да бір қиындыққа тап болған адам. Қарны аш ит. Суықтан тоңған мысық... тағысын тағы. Ойланып қарасақ, біз оларға жылу сыйлап, мейірімге бөлей аламыз ғой. Олардың жақсы өмір сүрулеріне себепкер де бола аламыз.***
***Әркімнің өз таңдауы бар!***

## БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

# ЖАҢБЫР ТУРАЛЫ ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР



**Өз бетіңмен болжап білмейтін табиғат құбылыстары адамды таңқалдырумен келеді. Соның ішінде жаңбырды біріміз табиғаттың тамаша туындысы деп бағаласақ, енді бірімізге жағымсыз күн райының бір бөлігі ғана болып көрінеді. Сонымен, алдарыңызға жаңбыр туралы ең қызықты деректерді ұсынамыз:**

* Пара қаласының тұрғындары уақытты жаңбырға қарап түзейді, себебі бұл жерде жауын күнделікті бір уақытта жауатын көрінеді.

* Дартс ойыны жаңбырдың себебінен пайда болған. Бір күні садақ атушылар жарыс кезінде жаңбыр астында қалған. Сыраханаға келген олар қысқарған жебелермен қабырғадағы нысананы атқылай бастаған…

* Уганда тұрғындарын жасынмен қорқыту мүмкін емес, өйткені мұнда жылына 250 рет найзағайлы жаңбыр жауады екен.

* Ботсванада адамдар «пула» деп сәлемдеседі. Бұл сөз «жаңбыр» деген мағына береді. Сонымен қатар, ел валютасы да «жаңбыр» деп аталады.

* Кубада жаңбыр тек түскі уақытта, ал Тайландта тек түнде жауады екен.

* Огайо штатының Уайнсберг қалашығында жыл сайын 29 шілдеде жаңбыр жауады. Бұл жағдай жүз жылдан бері қайталанып келеді.

* Жыл сайын жер бетіне 519 000 км³ жаңбыр жауады. Әр км³ 1 миллиард тонна суды құрайды.

* Шамамен әр миллионнан бір адам жаңбырға деген аллергиядан зардап шегеді. Мұндай адамның денесіне тиген кез келген тамшыдан қызару пайда болып, жаңбыр астында қалып қою өлімге душар етеді.

* Ең ауыр жауын 14.04.86 Гопалгандж қаласында жауды. Әрқайсысының салмағы 1 келі болатын бұршақ 92 адамның өмірін қиған.

* Ғаламшардың ең жаңбырлы жерлері қыс айларында су жетіспеушілігіне ұшырайды. Жаңбырлы маусымнан кейін құрғақ қыс басталып, тұрғындар суды көрші қалалардан сатып алуға мәжбүр болады екен.

Деректер интернет көзінен алынды.

# «АЛАТАУ» – ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

| ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ: | ЦЕНА ПОДПИСКИ: |
|---|---|
| **РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ** | **С РЕДАКЦИИ** |
| 10 айға – 2200 теңге. | 10 месяцев – 2200 тенге. |
| 6 айға – 1100 теңге. | 6 месяцев – 1100 тенге. |
| **ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН** | **ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ** |
| 10 айға – 2862,10 теңге. | 10 месяцев – 2862,10 тенге. |
| 6 айға – 1717,26 | 6 месяцев – 1717,26 тенге. |
| **АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА** | **ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ** |
| 10 айға – 3048,30 теңге. | 10 месяцев – 3048,30 тенге. |
| 6 айға – 1828,98 теңге. | 6 месяцев – 1828,98 тенге. |

## деген екен...

# ДҰҒА ҒЫП АУЗЫН СҮРТСІН АУЫМЕНЕН

Әйдік ақын Таңжарық Жолдыұлының жас кезі болса керек. Жайнаған жаздың күндерінде Күнестің Нарат жайлауы Тай асу елді мекеніне барыпты. Жүрген жері думан-жыр, ақтангер ақынды қолпаштаған жора-жолдастары «Қызайдан» тараған Дербістің бір баласы Дәуіш деген ел екен. Таңжарықтың жырына сусындап көңілдері көтерілген замандастары шайырды табиғатқа шығарып, бойын жаздырып, серуендетіп, өзен жағалатып, суға түсіріпті. Ақынның баладай аңғалдығын аңғарған құрдастары Таңжарық суға шомылып жүргенде қалжыңдап дамбалын тығып қойыпты. Судан шағайын десе, дамбалын бермей зарықтырған ақын:

«Таяз су жарасады тауыменен,
Жоғалттым бір ыштанды бауыменен.
Егер де тауып алған Дәуіш болса,
Дұға ғып аузын сүртсін ауыменен, – деген екен.

**Айтақын МҰХАМАДИ.**

# 25% жеңілдікпен жазыл!




**Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.**

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ
Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ
Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ
Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ
Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші
Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА.
Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.
Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru
Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.
Таралымы 6898
Тапсырыс №244
Индекс 15534